



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ: ҮДЕРІС ПЕН ҮН ҚОСУ



Әлемдік, халықаралық немесе саяси қайсыбір жиындарда болмасын «қауіпсіздік» деген сөз жиі айтыла бастады. Әсіресе кейінгі уақыттағы жаһандық дағдарыстар мен саяси теке-тірестер қауіпсіздік мәселесін алдыңғы орынға шығарып отыр. Бейсенбі күні басталған Астана халықаралық форумының өткізілуі барысын сәт сайын ақпараттандырған БАҚ өкілдерінің де екі сөзінің бірі осы қауіпсіздікке тірелді. «Өйткені, форумда ең көп айтылған әрі талқыға түскен осы тақырып» деп келтірді журналистер.

Форумның маңызды жиындарының бірі – Пленарлық сессия болды. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, халықаралық жағдайлар бойынша ең маңызды деген мәселелерді көтерді. Алдымен Президент Астана халықаралық форумына қатысушыларға шынайы ризашылығын жеткізіп, мұның Қазақстан үшін үлкен мәртебе екенін әрі жиынның

негізгі миссиясын нақтылай түсті. «Астана халықаралық форумы – бұл диалог алаңы, – делі Президент. – Оның негізгі миссиясы мынадай: бірінші, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; екінші, алдымызда тұрған негізгі сын-кәтерлер мен дағдарысты айқындау; үшінші, осы сын-кәтерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру;

төртінші, көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіру; бесінші, бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, бұл форум өзара белсенді ынтымақтастыққа тікелей ықпал етеді. Әсіресе бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс кезеңінде сын-кәтерлерге төтеп беру өте маңызды. Жаһандық жүйе бейбітшілік пен өркендеуді тандаушылар үшін емес, көпшілік үшін қамтамасыз ете отырып жұмыс істеуге тиіс.

«Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сәттен негізі қаланған әлемдік тәртіптің іргетасының бұзылу үдерісіне куә болдық. БҰҰ бүкіл адамзатты біріктіретін бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала береді. Осы ретте Қауіпсіздік Кеңесінің жан-жақты реформаларынсыз бұл сын-кәтерлерді шешу ісінде табысқа қол жеткізе алмаймыз. Кеңестегі «Орта даражаның» өкілдерінің пікірі мейлінше салмақты болуы қажет» – делі Мемлекет басшысы.

Шынында, қазіргі әлем үлкен өзгерісті бастан өткеріп отыр. Кешегі әлемді жайлаған жұқпалы кесел, қарулы қақтығыстар, саяси тұрақсыздық сынды құбылыстар «жеті өлшеп, бір кесуді» алға тарттады.

«COVID-19-дан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі «жаңа дағдарыстар» біздің нәзік халықаралық экожүйеге қауіп төндірді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың себебі тереңде жатыр. Сонымен қатар біз 30 жылдан кейін бұрынғы «блоктарға» бөлінушілік ой-санасына қайта оралу жағдайына куә болып отырмыз. Жікке бөлінушілік күші тек геосаяси мәселемен шектеліп қалмайды, оның экономикалық астары да бар. Экономикалық саясат қару ретінде ашық қолданылууда. Бұл қарама-қайшылықтар санкциялар мен сауда соғыстарын, мақсатты бұрышкерлік саясатты, қаржыландыру көздерінен шектеуді немесе жоюды, сондай-ақ инвестицияны бақылауды қамтиды.

2-бет

### БӘРЕКЕЛДІ!

Аралдық түлек Ұлттық бірыңғай тестілеуде облыс бойынша жоғары балл жинады. Тестілеудің алғашқы мүмкіндігінде 137 балл жинаған Нұрсұлтан Рысқалиев – Арал ауданы №220 орта мектебінің үздік оқушысы, «Алтын белгі» үміткері.

## ҰБТ-дан 137 балл жинады

Талпынысы ерекше түлек екінші тестілеуді 23 маусым күні тапсырып, 140 балл еншілеуді көздеп отырғанын айтты.



– Болашақта әкемнің жолын қуып, медицина саласында еңбек етсем деймін. Ақ халатты абзал жан атанып, адал, абыройлы қызмет атқарғым келеді. Ойлаған армандарым, алға қойған мақсаттарым жетерлік, – дейді ол.

Білімді жас Ұлттық бірыңғай тестілеуді екі рет тапсыру мүмкіндігі әр түлекке білім грантын алуға үлкен үміт сыйлайтынын ерекше атап өтті.

Пән мұғалімі Гүлбану Абатова мен сынып жетекшісі Гүлмира Әлібекованың айтуынша, шәкірттің биология, химия пәніне қызығушылығы жоғары. Биология пәні бойынша республикалық олимпиада жүлдегері, бірнеше мәрте облыстық, республикалық конкурстардың жеңімпазы.

«СБ» ақпарат

### ӨНІР ӨНІМІ

## ЖАҢА НАУБАЙХАНА ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Кейінгі жылдары өңірімізде кәсіпкерлікті қолдау ісі қарқын алды. Кеше Қызылорда қаласының «Саяхат» шағын ауданынан жаңа наубайхана ашылып, ел ырысын еселемекке бағыт алды. Жеке кәсіпкер Азамат Кобдиковтың бастамасымен бой көтерген наубайхананың ашылуына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев пен қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков арнайы қатысып, кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілеп, жылы лебізін білдірді.

Мадияр ТӨЛЕУ,  
«Сыр бойы»

Наубайхана нан пісіруге қажетті барлық заманауи құрал-жабдықтармен толық жарақталған. Мұнда тәулігіне тапсырысқа сай 20 000 дана нан пісіріледі. Толық қуатымен жұмыс істесе күніне 10 тонна нан шығаруға мүмкіндігі бар. Өзге де кондитерлік тағамдар сатылымға шығарылады.

«Ақжелен» атты бұл нысанда 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіп иесі Азамат Мәдениеттілі жалпы құны 400 миллион теңгені құрайтын жаңа наубайхананы іске қосу үшін 215 миллион теңге жеке қаражатын салған. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба аясында субсидиялау бағыты бойынша «Даму кәсіпкерлікті қолдау қоры» арқылы 185 миллион теңгеге «Халық банкінен» қаржы алған.

– Жұмысты енді бастадық. Қазіргі мақсатымыз – тынбай еңбек ету. Сәтін салса әрі қарай аяқтандыруға тырысамыз. Бұның бәрі оңай келген жоқ, қаншама бейнет жатыр. Лайым кәсібіміздің берекесін көрейік, – дейді кәсіпкер.



8-бет

### САПАР

## ӘРБІР ӘКІМНІҢ ІСКЕРЛІГІ СЫНАЛАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңейтілген мәжіліс өткізді. Жиында ауданға қарасты кент және ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық ахуалы, тұрғындардың талап-тілектерін ескеріп, бастамаларына қолдау көрсетудегі мәселелер, алдағы даму жоспарлары қаралды. Оған барлық құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық басқармалар мен аудандық бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы ауылдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттарын айқындап берді. Ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсартуды көздейтін тұжырымдамаға сүйеніп, Жаңақорған ауданындағы өндіріс, индустрия, кәсіпкерлік, аграрлық салалардың мәселелерін шешуге мүмкіндік бар.

2-бет



### ГАСТРОЛЬ



## СЫР САХНАГЕРЛЕРІ АЛМАТЫДА

Гастрольдік сапар шығармашылық ұжымға, театрларға айтарлықтай серпін береді. Әр театр өзінің қойылымын еліміздің қалаларында көрсету арқылы ең алдымен көрерменнің ризашылығына бөленіп, өнердің жаңа кеңістігін қалыптастыруда мақсат тұтады. Кейінгі кезде бұл дәстүрді аздап қолдан шығарып алған едік. Себебі пандемия халқымыздың барлық театрларын осы гастрольдік жүйеден ажыратып жіберді. Сол оқпылықтың орнын толтыру, сахна салтын қайта қалпына келтіру үшін Алатаудың асқақ төріне Сыр елінің театр актерлері шығармашылық сапарға шықты.

Айдар САЙЛАУОВ,  
«Сыр бойы»

М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрындағы Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының шығармашылық сапарының шымылдығы И.Ғайыптың «Мәңгілік елдің алтын адамы» атты тарихи дастанымен ашылды. Ашылу салтанатында облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Қазақстанның Халық артисі,

профессор Есмұхан Обаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әубәкір Рахимов құттықтау сөз сөйлеп, Сыр сахнагерлеріне шығармашылық жетістіктер тіледі.

Аймақ басшысының қолдауымен араға 17 жыл салып, Сыр театры алматылық талғампаз көрерменмен жүздесіп, театр репертуарындағы үздік қойылымдарды ұсынды.

8-бет



# АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ: ҮДЕРІС ПЕН ҮН ҚОСУ

Еркін сауда, жаһандық инвестиция, инновация және адал бәсекелестік секілді факторлардың жиынтығы соңғы онжылдықтарда негізгі қаланған әлемдік бейбітшілік пен дамудың іргетасын біртіндеп қирата бастады. Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік толқуға, мемлекеттердің іштей бөлінуіне және олардың араларының шиеленісуіне алып келеді. Теңсіздіктің өршуі, әлеуметтік бөлінушілік, мәдениет пен құндылықтардағы алшақтықтың артуы секілді үрдістердің бәрі экзистенциялық қауіпке айналды, — деді Президент.

Жалған, теріс ақпараттардың кең таралуы да қазір қауіп-қатердің ұшыға түсуіне түрткі. Тіпті оның күшейіп, өте қауіпті бола түсуі алаңдаушылық тудырады. Сондай-ақ, жасанды интеллектен бастап биотехнологияға дейін жаңа технологиялардың жаһандық салдары және олардың шектеулі ұлттық шеңберде ғана енгізілуі әлемдік тәртіпті үлкен шиеленіске итермелейтіні айтылды.

«Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналады. Көп жағдайда бұл форум ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай келеді. Біз осынау мұрамызды мақтан тұтамыз. Дәл осы үздіксіз тауар, мәдени жетістіктеріміз бен идея алмасу арқылы Қазақстанның

өзіндік ұлттық бірегейлігі және оның ерекше көпжақты ынтымақтастыққа негізделген бренді қалыптасты. Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарып отыр. Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өткен жылы Қазақстан экспорты 40 пайызға артқан. Әйтсе де жалпы ішкі өнімнің едәуір бөлігі бұрынғыша энергетикалық секторға тиесілі. Экономиканы әртараптандыруда ұмытылс бар. Автомобиль құрастыру, фармацевтика, металл өңдеу және машина жасау сияқты бірқатар салада өсім бар. Президент атап өткендей, іскерлік және экономикалық серіктестік үшін жаңа мүмкіндік іздегендердің бәрін шақырамыз. Қытайды Еуропалық Одақпен байланыстыратын орта дәліз немесе Транскаспий халықаралық көлік бағыты сауда мен инвестиция үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бағыт тауарды Үнді мұхиті арқылы тасымалдау мерзімін екі есе қыскартады.

«Сонымен қатар экономикалық дамуға және өнірішілік бірігуге ықпал ететін «Бір белдеу, бір жол» бастамасында Қазақстан басты рөл атқаратынын атап өткім келеді, — деп нақтылады Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы

форумға қатысушылар назарын қазір бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлердің ішіндегі ең қиыны — климаттың өзгеруіне аударды. Президенттің сөзінше, Орталық Азия бұл қатерлерге қарсы тұру үшін алғы шепте болады. Ғаламдық ауа температурасының 2050 жылға қарай 1,5 °C-қа көтерілуін сәтті шектеу мүмкін болғанын өзіне, Орталық Азия елдері күн райының 2-ден 2,5 °C-қа дейін көтерілгенін байқайды. Бұл біз өмір сүретін ортаның трансформациясына, нақтырақ айтқанда шөлге айналуына, одан кейін тіршіліктің жойылуына алып келеді. Сондықтан барлық сын-қатерге дайын болуымыз керек.

«Су ресурстарының жетіспеушілігі шын мәнінде алаңдатады. Орталық Азиядағы қуаншылық пен су тасқынынан келетін шығын жалпы ішкі өнімнің 1,3 пайызы деңгейінде деп бағаланады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі 30 пайызға дейін кеміп, 2050 жылға

дейін 5 миллионға жуық ішкі климаттық мигранттың пайда болуына әкеп соқтырады.

Біздің мұздықтардың көлемі қазір 30 пайызға қысқарды. Аймақтағы екі үлкен өзен Сырдария мен Әмудариядағы су деңгейі 2050 жылға қарай 15 пайызға түседі. Біз аймақтағы экологиялық апаттың алдын алу үшін Халықаралық Аралды қорғау қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырамыз. Су мен климаттың өзгеру мәселесі өзара тығыз байланысты. Орталық Азия — су қауіпсіздігін сақтауымызға әріптестік және бірлескен тиімді шараларды жүзеге асыру арқылы ғана шешілетін аймақ.

Аймақтағы климат және өзге де мәселелерді талқылау үшін мен Алматыда Орталық Азия елдерінің жобалық кеңесін құруды және БҰҰ секілді халықаралық ұйымдарды тарта отырып, 2026 жылы Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді ұсынамын» — деді Мемлекет басшысы.

\*\*\*

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев екі күндік Астана халықаралық форумы аясында Катар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни бастаған делегациямен кездесті. Сондай-ақ, Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры Кристалина Георгиеваны қабылдады. Мұнымен қатар Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассомен кездесті. Мемлекет басшысы сонымен қатар, Шетелдік инвесторлар кеңесінің 35-ші пленарлық отырысына қатысты, кеше БҰҰ делегациясын, бірқатар белді компаниялардың басшыларын қабылдады.


Қ.ӘБІШ

## ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ

Быттыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің өкімшілік-аймақтық құрылымын жетілдіру мәселесіне ерекше назар аударып, жаңа үш облыс құру туралы ұсыныс білдіргені есімізде. Көп ұзамай быттыр маусымда республика картасында Абай, Ұлытау және Жетісу атты жаңа үш аймақ пайда болды. Міне, содан бері 1 жыл уақыт өтті. Осы тұста жаңа облыстардың даму қарқыны көңіл көншітеді.

Мадияр ТӨЛЕУ,  
«Сыр бойы»

## ЖАҢА ОБЛЫСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ



Сурет ашық дереккөзден алынды

Президент бастамасымен құрылған аймақтардың қадамы онды болып жатқанын аңғару қиын емес. Бұрынғы Семей облысы ШҚО құрамынан бөлініп шығып, Абай облысы болды. Қазір оның құрамына сегіз аудан және облыстық маңызы бар екі қала — Семей және Қурчатов кіреді. Мәселен, облыста 2023 жылдан 2027 жылға дейінгі кезеңге 3,4 трлн теңгеге бағаланған жобалар жоспарланып отыр. Одан бөлек, тек Семей қаласына ғана тартылған инвестиция көлемі артып келеді. Осының барлығы аймақтағы экономикалық көрсеткіштің біршама жақсаруына септігін тигізген. Быттыр облыстағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 750 млрд теңгеге жуықтаса, жыл басынан бері аймаққа 197 миллиард теңге инвестиция тартылған. Сондай-ақ өңірде тұрғындарды баспанамен қамту мақсатында да маңызды шаралар жүзеге асып жатыр. Биыл жыл басында Үкімет осы аймақтың 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында 9 бағыт бойынша 102 іс-шара көзделген. Өнеркәсіпті дамытуға 8 іс-шара, оның ішінде тау-кен байыту комбинатын салу және «Айдарлы» мыс кен орнын өнеркәсіптік игеру бар. 2028 жылға қарай облыс экономикасына 1,3 трлн теңге инвестиция тартылып, өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 1,5 есе өсіммен 1,4 трлн теңгеге жетеді деп жоспарланған.

Жаңадан құрылған аймақтың бірі — Ұлытау облысы. Оның құрамына үш қала — Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев, екі аудан — Жаңаарқа және Ұлытау кірді. Облыстың жалпы ауданы — 18 893 661 гектар. Ел Үкіметі Ұлытау облысын дамыту мақсатында 2022-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық кешенді жоспар бекіткені есте. Көз жүгіртер болсақ, қазір өңірді жандандыру жолында атқарылуы тиіс жұмыстар жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Өңірге республикалық бюджеттен 375 млрд теңге тартылған. Оның ішінде 144 млрд теңге жергілікті бюджеттен, ал 1,8 трлн теңге — инвестиция. Бөлінген қаржы негізінен металлургия өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын дамытуға бағытталған.

Алдағы уақытта облыста 10 жана зауыт пен өнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу бойынша 11 инвестициялық жоба іске қосылмақ. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында 130 шақырым жылу желілерін, 300 шақырым су құбыры желілерін және 127 шақырым су бұру желілерін салу жоспарланған. Сондай-ақ облыста медициналық мекемелердің жетіспеушілігі проблемаларын шешу үшін 5 денсаулық сақтау объектісін салу және күрделі жөндеуден өткізу көзделген. Ал білім беру саласында 880 орындық 4 жаңа балабақша мен 1100 оқушыға арналған 4 оқушылар сарайын іске қосу жоспарланған. Өңірді дамыту мәселесінде мәдениет және спорт саласы да назардан тыс қалмады. Облыс бойынша 6 мәдениет нысаны, оның ішінде музыкалық драма театры, амфитеатр және 10 спорт нысанын салу және реконструкциялау туралы жоспар әзірленген. Ен бастысы, облыс 2026 жылға дейін 9,5 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құрмақ. Бұның өзі — ауыз толтырып айтар дүние.

Ал Жетісу облысының құрамында 10 аудан мен екі қала бар. Жаңадан құрылған Жетісу облысы халқының саны — 667 мың адам. Облыс өкімдігінің 2025 жылға дейінгі жоспарында жалпы сомасы 640 млрд теңге болатын ауыл шаруашылығы секторына бағытталған 178 жобаны іске асыру көзделген. Өңірдің жер көлемі 11,8 млн гектарды құрайды. Оның 4,5 млн гектарға жуығы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, 3,7 млн гектар жайылым жер. Қазір өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін 165 компания жұмыс істейді. Ал быттыр жыл аяғына қарай АӨК кәсіпорындары құны 476 млрд теңгеден астам сомаға тең болатын өнім өндіріпті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу өңірін дамытуды тікелей өз бақылауына алып, кейбір мәселелерге арнайы назар аударды. Өйткені Жетісу облысының ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуеті зор.

«Бүгінде Жетісу облысы бойынша 100 мың гектардан астам пайдаланылмай жатқан жер анықталды. Жер — халықтың байлығы. Ол барлық азаматтың игілігіне жарауы керек. Облыстың суармалы жерлерді игеруге зор мүмкіндігі бар. Бүгінде аймақтағы жер суаратын желілердің 70 пайызы тозып тұр. Оның бәрін жанғыртып, қалыпқа келтіру керек. Ақсу, Алақөл және Сарқан аудандарында суармалы жердің көлемін 18 мың гектарға ұлғайтуға болады», — деген еді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Абай, Ұлытау және Жетісу өңірлерін жаңа өкімшілік орталықтарға айналдыру, оларға мемлекет бюджетінен қаржы бөліп, арнайы инвесторлар тарту әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлсірей бастаған аймақтардың қайта дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

1-бет

## ӘРБІР ӘКІМНІҢ ІСКЕРЛІГІ СЫНАЛАДЫ

Президент барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысына жыл сайын бағалау жүйесін енгізу керектігін айтқанда әсіресе, ауыл әкімдерінің қызметіне ерекше тоқталды. Оларға күн сайын тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, талап-тілектеріне дер кезінде назар аудару міндетін қойды. Жалпы ауылдың елдегі бастамаларға қосылуы, жана бағдарламалар мен жобаларға қатысуы ауылдық округ әкімдеріне байланысты.

«2022 жылдың қорытындысымен аудандар мен Қызылорда қаласы бөлінісіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер рейтингінде Жанакорған ауданы 4-орынға тұрақтап, дамуы орта көрсеткішін көрсетті. Өңдеу өнеркәсібінде өсім 86,1 млрд теңгені құрап, 3,6 пайызға, бөлшек сауда көлемі 7,1 млрд теңгені құрап, 1,6 пайызға артқан. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 53,2 млрд теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 154,9 пайыз болды. Биылғы қаңтар-сәуір айларында ауданның өнеркәсіп кәсіпорындары 34,9 млрд теңгенің өнімін өндіріп, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 86,1 пайызға төмендеген. Аудан экономикасына 9,9 млрд теңгеге инвестиция салынған, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7 есе артты», — деді аймақ басшысы.

1-бет

Нұрлыбек Машбекұлы Жанакорғанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы нақты көрсеткіштерді мысалға келтіріп, аудан әкіміне бірқатар тапсырмалар берді. Қазіргі уақытта ізденіс пен бастамашылдық жұмысты ширатады. Сондықтан халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға баса назар аударылуы керек.

Мемлекеттік бағдарламалар ұсынған мүмкіндіктерді дер кезінде пайдалануда, оның халыққа тиімді шарттарын түсіндіруде әлі де жетіспейтін тұстар бар. Мәселен, «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы бойынша ауданға қарасты 7 елді мекенге мүлде қаржы қаралмаған. Енді екі жылдан кейін спутникті ауылдарды қаржыландыру тоқтауы мүмкін. Спутникті және тіректі елді мекендер тізіміндегі ауылдар бағдарламаның артықшылықтарын пайдаланбаған.

Тағы бір ауқымды бағдарлама — «Ауыл аманаты» жобасына да Жанакорған ауданынан Қожақент және Акқорған ауылдық округтері ғана қатысқан. Мұндайда, өрине әкімдердің іскерлігі сына түседі. Мемлекеттің ауылға бағытталған бағдарламалары мен ұлттық жобалары арқылы қаржы тарту, ол қаржының қажеттігін дәлелдеп шығу, істің көзін тауып, ауыл тұрғындарын бір

мақсатқа жұмылдыру — ауыл әкімдерінің негізгі міндеті.

Облыс әкімі аймақтағы әрбір ауылдың ахуалын, ондағы жұмыс барысын бақылау мен қалағалаудан тыс қалдырмайтынын айтты. Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетовке нақты тапсырмалар беріп, жұмысты үйлестірудің негізгі бағыттарын, кәсіпкерлікті қолдау мен тұрғындар, жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтудың, ауыл тұрғындарының бастамаларын ілгерілетудің жолдарын атап көрсетті. Жастарды кәсіпкерлікке ынталандырудағы кейбір түйткілдердің түп негізі ақпараттандырудың жетіспеушілігінде екенін атап айтты.

Облыс әкімі Жанакорған кенті мен ауылдардағы тіркелген қылмыстардың, олардың ашылу көрсеткішінің төмен екенін сына алды. Әр ауылдағы ахуалға тоқталып, жауапты қызметкерлерге тапсырмалар жүктелді. Жағдайды қоғамдық және ардагерлер кеңестерінде үнемі талқылап, келенсіздіктерді болдырмаудың жолдары ұсыныла, құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстар жүргізілсе, барлығын бақылауда ұстауға болады.

Жыын соңында аймақ басшысы жазғы демалысқа шыққан мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігі, әсіресе, суға шомылуға болатын жазатайым жағдайлардың алдын алудың маңыздылығын атап өтті.

## ТҰРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ ТЫҢДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жанакорған ауданына жұмыс сапары кезінде аудан халқымен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады.

Қабылдаудың өтетіні туралы алдын ала хабардар болған жұртшылық ой-пікірін, ұсыныстарын дайындайды. Облыс әкімі мен құқық қорғау органдары басшыларына мәселені бүкпеліс жеткізудің бұл әдісі көп өзгеріске жол ашты. Жеке қабылдауларға келу арқылы мәселесінің онтайлы шешілетініне халықтың сенімі артқан.

Жанакорғандағы қабылдауға келген 50-ден астам адам өз өтініш-тілектерін,



ұсыныстарын жеткізді. Мұнда да баспана, денсаулық, білім, жұмысқа орналасуға байланысты мәселелер қозғалды. Қабылдауға келушілерді тыңдаған аймақ басшысы қойылған әр сауалдың жауабы болатынын айтты. Ма-

мандарға тапсырма беріп, ой-пікірлерді, көтерілген мәселелерді жан-жақты зерттеуді міндеттеді. Нәтижесінде әрбір тұрғынға жеке-жеке жауап беріледі.

«Мен ауданымыздан оналту орталығы мен емхана

салу мәселесін айта келдім. Мұнда 81 мың халық тұрады, сапалы медициналық қызметке қажеттілік бар» дейді аудан тұрғыны Әйгерім Қарабаева.

Құқық қорғау органдары басшылары да тұрғындар көтерген мәселелер бойынша заңдық кеңес берді. Әдетте басшылардың қабылдау күндеріне, белгіленген кестеге сәйкес келуі аудан халқы үшін қиындық туғызды. Құқық қорғау органдары басшыларының жергілікті жерге келіп, жеке қабылдау өткізуі тұрғындар үшін тиімді. Қабылдауға келушілер заңға қатысты ережелер мен талаптарды қарапайым әрі ұғынықты етіп түсіндіріп берген мамандардан мәселелерінің шешілу жолын білді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



# МЕДИЦИНА: МЕМЛЕКЕТ МҮМКІНДІГІН ХАЛЫҚ ТҮГЕЛ СЕЗІНУІ ТИІС



Бейсенбі күні ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев жұмыс сапарымен өңірге келді. Сапар барысында бірқатар медициналық мекемелерді аралап, жұмысымен танысты. Онан соң «Достық үйінде» тұрғындармен кездесті. Кездесуді жүргізген облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов алдымен салада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

## Сb Айыр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Облыстың денсаулық сақтау саласында оң динамика байқалады. Биылғы 4 ай қорытындысы бойынша денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері – жалпы өлім-жітім 12%-ға, ана өлімі 50%-ға, сәби өлімі 43,4%-ға, туберкулезден болатын өлім-жітім 33,3%-ға төмендегенін көрсетеді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары ауылдық инфрақұрылымды дамытуда жалпы құны 11,2 млрд теңге болатын 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. Одан бөлек, Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсек-орынға арналған көпбейінді аурухана құрылысы басталды. Құны 36,4 млрд теңге болатын нысанның құрылысы 2025 жылы аяқталады, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Сондай-ақ, 2025 жылға қарай Арал, Қазалы, Шиелі, Жанакорған ауданаралық

ауруханаларын көпбейінді ауданаралық аурухана деңгейіне жеткізу жұмыстары жүргізілуде. Ол үшін республикалық бюджеттен 6 млрд теңге қаражат бөлінді. Бүгінгі күні көпбейінді облыстық балалар ауруханасы 200 төсек орынға арналғанымен, 360 төсек болып үстемемен жұмыс жасауда. Осыған орай, бұрынғы облыста болмаған көпбейінді қалалық балалар ауруханасын жергілікті бюджет қаражаты есебінен ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес 200 төсектік перинаталдық орталық салу мәселесі пысықталып, нысан құрылысына 3,7 гектар жер учаскесі бөлінді. Балаларға арналған қалада ғана бар, республика бойынша айтулы «Қамқорлық» оңалту орталығын Арал (Арал, Қазалы аудандары үшін) және Жанакорған аудандарында (Жанакорған, Шиелі

аудандары үшін) ауданаралық оңалту орталығы қылып ашу жоспарланған. Бұл бастама өз кезегінде 5000-ға жуық ерекше балалардың тиісті оңалту шараларын тұрғылықты жерінде қабылдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Медициналық ұйымдарды техникамен қамтамасыз етуге биыл 3,4 млрд теңге қарастырылған, оның 72% ана мен бала денсаулығын сақтауға бағытталған.

ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі саланы дамытуда мемлекеттік деңгейде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. – Мемлекет басшысының халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін біз өткен жылы кешенді жұмыс жүргіздік. Осының нәтижесінде халықтың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштері жақсарды. Қызылорда облысы бойынша халықтың жалпы өлім-жітімі

2021 жылмен салыстырғанда 21%-ға төмендеді, оның ішінде қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім 16%-ға, обырлан 12%-ға, тыныс алу ағзалары ауруларынан 22%-ға төмендегені байқалады. Ана өлімі 30%-ға (2021 жылы – 10 жағдай), 2022 жыл – 6 жағдай), ал нәресте өлімінің деңгейі 5%-ға төмендеді, – деді ол.

Тимур Сламжанұлының айтуынша, өткен жылы онкологиялық және гематологиялық ауруларға күдік туындаған жағдайда тексеру мен емдеуді жеделдету үшін «Жасыл жол» енгізілген. Сондай-ақ, елімізде медициналық-санитариялық алғашқы көмек қызметін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жолға қойылып келеді. Биыл медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты әзірленіп, бекітілді.

Мұнымен қатар бірінші вице-министр ауылдық денсаулық сақтау саласына арнайы тоқталды. Оның айтуынша, елімізде ауыл мен қала тұрғындарының арасында медициналық көмек көрсетуде теңсіздік байқалады. Ауыл тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін былтыр денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативі қайта қаралған. Ауыл тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін өткен жылы 107 нысан пайдалануға берілген. Жеті қиын ауылдық елді мекендердің тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін жылжымалы медициналық емханалар кенінен пайдаланылуда. Былтыр облыста 5 жылжымалы медициналық кешен 153 мың ауыл тұрғынына емдік қызмет көрсеткен. Биылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша 28 мың адам қамтылса, жыл соңына дейін 180 мың адамға ем-дом көрсету жоспарланып отыр.

– Былтыр ауыл тұрғындары үшін профилактикалық тексерулер енгізілді. Қызылорда облысы ауылдарының 51 мыңнан астам тұрғыны зерттелді, 713 адам динамикалық бақылауға алынды, оларда жоғары қан қысымы, қант диабеті, бүйрек патологиясы белгілері анықталды. Сондай-ақ, аудандық ауруханаларды заманауи компьютерлік томографтармен, рентген аппараттарымен қамтамасыз ету 84%-ға дейін жеткенін айта кету керек. Ауыл тұрғындарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде

медициналық ұйымдардың базасында қосымша 72 дәріхана пунктін және ауылда 161 жеке дәріхана ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде Үкіметтің 2022 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бекітілгенін тағы да атап өткім келеді. Ұлттық жоба шеңберінде 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанын, оның ішінде Қызылорда облысында 27 нысан салу жоспарда. Оның 16-сы биыл салынатын болады. Сонымен қатар, ұлттық жобадан аудандық мекемелерді 965 заманауи медициналық жабдықпен қамтамасыз ету көзделген. Оның ішінде, Қызылорда облысына тиесілі 77 медициналық құрал-жабдық. Сондай-ақ, биыл ұлттық жоба шеңберінде 307 медицина қызметкері, оның ішінде 54 жалпы практика дәрігері, 253 орта медицина қызметкері даярланады. Жоғарыда аталған іс-шараларды іске асыру нәтижесінде биыл қосымша 2,4 млн-нан астам ауыл тұрғыны мамандандырылған медициналық көмекпен қамтамасыз етілетін болады, – деп атап өтті ол.

Кездесу соңында сұрақ-жауап, ашық пікір алмасуға кезек берілді. Тұрғындар өздерін толғандырған ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Онан соң бірінші вице-министр журналистерге арнап брифинг берді және азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Тимур Сұлтанғазиев жұмыс сапарының екінші күні бірқатар денсаулық сақтау нысандарын аралап, жұмысымен танысты. Атап айтқанда, Сырдария ауданы Н.Илиясов ауылындағы дәрігерлік амбулатория жұмысымен танысты және жанадан салынатын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы алаңын көрді. Оған кейін Жалағаш ауданында болып, аудандық аурухана қызметіне қанықты.

Еліміз тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тіл саясатын тиімді жүргізу мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқаны рас. Өйткені, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 6-бабында: «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды» делінген.

Осы бағыттағы жұмыстарды ел көлемінде жүйелі атқару үшін жұмыла әрекет ету мақсаты қойылып, Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қолға алынды. Нәтижесінде республика бойынша тілдерді оқыту орталықтары ашыла бастады.

Мұндай орталық біздің облыста 2008 жылы құрылып, өз жұмысын бастады. 2016 жылы облыстық ішкі саясат басқармасының тілдерді оқыту орталығы КММ болып қайта құрылды. 2018 жылы облыс әкімінің қолдауымен әр аудандан 1 мемлекеттік тіл маманы, 1 орыс тілі маманы, 1 ағылшын тілі маманына жалпы алғанда, 7 ауданға 21 оқытушы және 2 әдіскерге штат берілді.

Бүгінде орталықтың мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін оқыту, мемлекеттік тілдің қолданысын аясын кеңейту.

Әрине, «жаһандану дәуірі», «жасампаздыққа жол ашу»

## ІЗДЕНІС. НӘТИЖЕ. БАҒДАР



деген сөздерді кейінгі уақытта жиі қолданып жүргеніміз рас. Бұл қаламдарға жету үшін әр мақсат-міндеттің астары адамзаттың көзіне нұр, көңіліне сенім ұялататын білім, ғылыммен ұштасатыны белгілі. Бүгінде әр адам өз-өзін дамытып, білімге ден қою үшін ең алдымен тіл үйренуге ұмтылатынын көріп жүрміз.

Оған дәлел ретінде орталыққа еріктілердің, кәсіпкерлердің, этнос өкілдерінің, өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен оқуға түсуші талапкерлер, ғылым жолына бет бұруға ниет еткен жастардың жиі хабарласатынын айта аламын. Хабарласушылардың өтініштері назардан тыс қалмайды, міндетті түрде топ жасакталып, өтініштері

негізінде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілі курстарын оқып, сертификат алады. Өткен жылдың нәтижесі бойынша 2200-ден астам мемлекеттік, бюджеттік мекеме қызметкері, этнос өкілдері мен ерікті тыңдаушылар мемлекеттік тілді орталықтың әзірлеген оқу-әдістемелік кешендеріндегі түрлі дағдылар арқылы менгерді. Биылғы алғашқы тоқсанда барлығы 621 тыңдаушы осы дағдылар арқылы тіл үйренудің тегін курстарынан өтті.

Биыл мемлекеттік тіл саясатын бекітілген функциялық бағыттар бойынша жүргізіп, оқуының әдіснамасын жетілдіру, оқыту үдерісі мен қолданыс мәртебесін арт-

тыру бағытында үздіксіз жалғастырып келе жатқан орталықтың құрылғанына 15 жыл толып отыр. Орталық қызметкерлерінің үздіксіз әрі үнемі әдістемелік және ғылыми тұрғыдағы ізденісінің нәтижесінде әр жылдары жоғары жетістікке жетіп жүргені көпке аян. Тек өткен жылдың еңшілдігі бағындырған белестің өзі республика көлеміндегі абыройымызды асырып, мерейімізді өсірді десек, асырайтқандық емес. Ересек азаматтар арасында тегін тіл оқыту курстарын, оқытушылар үшін заманауи талапқа негізделген түрлі форматтағы оқу-әдістемелік семинар-тренингтер ұйымдастыру бойынша былтыр республикада үздіктер қатарына ендік.

Сондай-ақ, «Үздік оқытушы» республикалық байқауында орталықтың кіші ғылыми қызметкері Алтынай Орынбаева бас жүлде иеленді. Бұл ұжым қызметкерлерінің бірлескен жұмысының нәтижесіндегі жетістік деп ұғынатын болсақ, осы бағыттағы ізденіс әлі де толастаған емес. Бұл қарқынмен тоқтамауға жігер беретін бағыт-бағдар, жобажоспарларымыз да жеткілікті.

Осы ретте өткен жылы ғана орталық қызметкерлерінің құрастыруымен қазақ тілін қарапайым деңгейден бастап, жоғары деңгейге дейін оңай әрі жылдам үйренуге ықпал етуге арналған «Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!» мәтіндер жинағы республика көлемінде таратылды.

Жинақты баспаға даярлауға дейінгі редакцияны Н.Мусаева және Л.Ортаева басқарды. Сонымен қатар, орталық бағдарламашысы Ж.Шахизада, мемлекеттік тіл оқытушылары Б.Төребай, А.Таубай, А.Орынбаева, орталық кітапханашысы Ш.Қайбрахман, директор орынбасары Ж.Ерекешова – мәтіндер жинағының авторлары.

Сондай-ақ, авторлық құрамда гуманитарлық және филология ғылымдарының магистрлері де ғылыми тұрғыда ізденді. Кітапта қазақтың танымы мен тұрмыс-тіршілігіне айналған «Бата», «Әдет-ғұрыптар», «Өсиет, терме, ән-жыр», «Айтыс», «Шешендік сөз» үлгілері топтастырылды. Сандық технологияның жетістігі ретінде саналатын QR қосымшасын пайдалану арқылы аудиомәтін тындап, сол бойынша берілген бірнеше тапсырмаларды орындайды. Тапсырмалар мен мәтіндердің көлемі, мазмұны «женілден – күрделіге» принципімен негізделіп жасалды. Әрине, әр аудионы деңгейге сай өңдеп ұсындық. Қазақ билері мен шешендерінің өсиет, нақыл сөздері барынша менгертуге жеңіл болатындай етіп құрастырылған.

Сонымен қатар, айтыс ақындары мен термешілер Мұхтар Ниязов, Нұрмат Мансұр, Ақмарал Ноғайбаевалардың шығармалары қамтылған әдістемелік құралдың екінші бөліміне «Қазтест» жүйесі негізінде жасалған тест тапсырмалары орналастырылды.

Биылғы жылдың ақжол-тай жаналығы жуырда Атырау қаласында өткен республикалық «Үздік оқытушы» байқауында орталықтың Қармақшы ауданы бойынша мемлекеттік тіл оқытушысы Гүлжанат Дүзенова

бас жүлдені иеленіп, қуанышымызды еселеді. Екі жыл қатарынан республикалық додала бас жүлдені иемдену орталық ұжымының қажырлы еңбегі деп білеміз.

Тілді оқыту – күрделі әрі үздіксіз жүретін процесс. Олай болса, орталық жұмысы жанаша бағытта көрінуі шарт. Бұл ретте екі бөлім де өз құзыреті шегінде жұмыс істеп келеді, яғни, оқу-әдістемелік бөлім тоқсандық, жартыжылдық, жылдық оқыту жоспарына сәйкес жоғарыда атап өткендей, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі, одан бөлек, «Сөйлеу мәдениеті» бойынша курстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Орталық жанынан құрылған ғылыми-әдістемелік кеңестің іс-жоспарына сәйкес бекітілген «Сыр бойының жер-су атаулары» және «Тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуда қолданылатын оқылған және жазылған тапсырмалары» тақырыбында әдістемелік көмекші құрал әзірлеу жоспарда тұр. Мақсаты – шағын мәтіндер арқылы тұрғылықты жерде орналасқан тарихи-мәдени орындар, аңызбен ұштасатын топонимдерді таныстыру.

Екінші әдістемелік құрал бойынша тыңдаушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар мен қанттелген мәтіндер салынады. Орталық мамандары осылайша, мемлекеттік тіл саясатының жүргізілуімен қатар, курс тыңдаушыларына арналған тыңдау, айту, сөйлеу, жазу сауаттылықтарын дамыту, тереңдету оқыту бағытындағы жұмыстарды жандандыруға өз үлестерін қосып келеді.

**Ж. ЕРЕКЕШОВА,**  
облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары



## МӘСЕЛЕ

Бұрынғылардың барымтасынан білетін едік. Ал бүгін бір-жар малды қағып түсетін суық қолдың әрекеті тиылмай тұр. Қазір қорадағы малға қауіп болмағанымен, жаз айларында ең далада иесіз жайылатын ірі қараңды қақшып түсетіндер жетерлік. Тіпті, семіз малдың асау келетінін ескерсек, бұғалық не шалма тастамай-ақ, бүгінгі ұрың «қос ауызбен» көздеген малын қылжита салады. Ары қарай белгілі емес пе? Түн жамыла терісін іреп, етін бұзып, тиісті жеріне жеткізеді. Ар жағындағы сыбайласы да оңай адам емес. Өзара байланыс арқылы етті өткізіп, ақшасын санап отырғаны...

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

## АДАЛ МАЛДЫ АЛДЫРМАУДЫҢ АМАЛЫ ҚАЙСЫ?



Сурет ашық деректерден алынды

Ішкі істер министрлігінің мүлкті қорғау жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламасы бар. Осыған сәйкес, республика аумағындағы мал ұрлығының алдын алу бағытында түрлі іс-шаралар атқарылып жүр.

Бағдарлама нәтижесін соңынан айта жатармыз. Алдымен облыстық полиция департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек. Жыл басынан бері аймақта 28 мал ұрлығы тіркеліпті. Төрт ай ішіндегі оқиғалар бұл. Департаменттегілер мұны өткен жылмен салыстырғанда төмен деп отыр. Сонда ұрлық азайды ма?!

— Биыл ұрлықтың осы түрін кәсіп еткен 13 қылмыскер құрықталды. Олардың 16 мал ұрлығына қатысы бары дәлелденіп отыр. Екіншіден, мал ұрлау дерегімен тіркеліп, кейін полиция қызметкерлерімен бірге жедел іздестірудің арқасында жоғалған малы табылып, осы бойынша 23 қылмыстық іс тоқтатылды. Ашып айтатын жайт, мал ұрлығының көбісі, яғни, 61 пайызы өрісте қараусыз жүргендіктен болған. Сондай-ақ мал иелері де жоғалған соң полицияға кеш хабарлайды, өз бетінше іздеймін деп тағы уақыт өткізеді. Бұл кезде біздің іздестіру жұмыстарына жеңіл болатындай айғақтар да қалмайды. Тағы бір ескерер дүние, мал иелері қорасындағы төрт түлігін құжаттандыру, танбалау, сырғалау жұмыстарына нежұрайды қарамаса екен, — дейді Қызылорда ОПД криминалды полиция басқармасы бастығының аға жедел уәкілі Ербол Рүстембеков.

### МОМЫННЫҢ МАЛЫНА КӨЗ СҮЗГЕН...

Жоғарыда айтқандай, ұрылардың көбі қараусыз малды көздейді. Қазір ең далада бақташысыз жүрген жылқы мен сиыр. Ал ұсақ малдың жөні басқа. «Кой кезектің» арқасында бұл түлікке әзір «жау» жоқ. Бар қиындық жылқы мен сиырда. Әсіресе, мүйізді ірі қараның жоғалуы көп. Оған себеп те жоқ емес. «Пада» немесе кезекпен бағу үрлісі көп ауылда болмай тұр. Өрісте қараусыз жайылады. Оның үстіне бақташысыз сиырды біртіндеп «барымталайтын» мал иесінің жұастығын да пайдаланатын көрінеді.

— Жақында ғана болған жағдай бұл, — дейді Қазалы ауданының тұрғыны Шерхан Қуаныш. — Елдегі таныс жігіт басқа қалаға вахталық жұмысқа кетті. Өзінің екі-ақ бас бұзаулы сиыры бар. Қалай кетті, күнде өріске барып келіп жүрген сиыры жоғалды. Үйіндегі қараның өрі-бері сұрау салғанмен, ештеңе өнбеді. Әлгі жігітімиз де вахтадан келген соң сиырына қанша іздегенмен нәтиже жоқ. Ауылдағы учаскелік инспектор да көмек көрсете алмады. Қызығы сол, келесі вахтаға кеткенінде ұрылар екінші сиырын жоқ қылды. Ауыл болып іздегенмен пайда жоқ. Демек, ұры да өз арамызда деген сөз. Болмаса сырттан келетін сұғанақтың сыбайласы. Әлгі жігіттің тым мо-

мындығын әрі елде көп болмайтынын біліп тұрып, ұрлап отыр ғой...

Оның айтуынша, әр ауылға кіреберіс жолдарға бейнебақылау камералары орнатылғаны дұрыс. Мысалы, ауылдағылар түн жамылып ел ішіне қандай жүк көлігі кіріп, қандай техниканың шығып жатқанын білмейді.

Кейіпкеріміз айтқандай, қазір ұрылардың өзі бір-бірімен сыбайлас. Жалғыз жортпайды. Ұрлықты бірлесіп атқарады. Пәлен ауылдан семіз қара көрсек, сол ауылдағы сыбайласы арқылы бағыт алып немесе өзара сөз байласып, түн жамыла іске кіріседі. Бастысы, сол ауылдағы «ұры жолдасы» көрсеткен қонды малдың өрісінен адаласпа болғаны. Болмаса әлгіндей үйінде азаматы жоқ немесе «артының сұрауы аздау» үйдің қара-құрасын пышаққа жығады.

Сонымен қатар, ұрлықтың барлық фактісі түннің екінші жартысында болады екен. Демек, ұрылар көбіне қараңғылықты пайдаланып жортады деген сөз. Тағы бір дерек, ұсталған ұрылардың көбі 30 жасқа жетпеген жас жігіттер. Арасында қырықтан асып, елді еңсерген азаматтар да болады.

### ҰҚЫПТЫ БОЛСАҢ, ҰРЫ АЛМАС

Төрт түлік иелері ескерер дүние — ол малын қараусыз қалдырмау. Кейінгі жылдары полиция қызметкерлері ветеринар мамандармен бірлесіп, тиісті рейдті жүргізген соң мал иелерінде де жауапкершілік артқан. Құжаттандыру, сырғалау мен танбалау жұмыстарында жеделдік бар. Бір ғана мысал, биылдың өзінде рейд шараларының арқасында құжатсыз мал тасымалдаған 24 азамат жауапкершілікке тартылды. Ал қараусыз жүрген мал иелеріне қатысты 287 шара көрілген.

— 2018 жылдан бері қарай мал ұрлығы тіркелмеді, — дейді Арал ауданы Қаратерен ауылының әкімі Серікбай Жұбаниязов. — Өйткені, қазір адамдар да қолындағы ірілі-ұсақты малына жақсы қарайды. Тек батпаққа батқан немесе ауырып өлген мал басын ғана есептен шығарып отырмыз. Екіншіден, көрші Жанақұрылыс ауылы мен біздің елді мекенге бірдей бекітілген учаскелік полиция да жұмысын тұрақты атқарауда. Түсіндірме жұмыстарын, рейдті жиі жүргізеді. Содан болар, ұрлыққа қатысты орын алған жайт өзір жоқ.

Расымен, біздегі мәлімет бойынша, Арал ауданында жыл басынан бері мұндай жағдай болмаған. Былтырғы бір қылмыс биыл ашылғаны болмаса, аудан көлемінде орын алған мал ұрлығы жоқ. Жалпы ауданда криминалдык полиция мен жергілікті полиция қызметі рейдтік іс-шаралар ұйымдастырып, блок бекеттерінде автокөліктердің кіріс-шығысы тексеріліп тұрады. Қармақшыда да бұл жұмыстар жүйелі атқарылуда.

— Ауылда мал қорымы, қолдан ұрықтандыру пункті жасакталған.

Мал басын бірдейлендіру, паспорттау жүйелі түрде жүргізіліп, компьютерлік дерек қорына уақытылы енгізіледі. Барлық ауруларға қарсы екпе уақытылы салынууда. Ал сіз сұрап отырған мал ұрлығы мен уақ және ірі қараларды көшеде бей-берекетсіз жүргізуі үшін арнайы үш бағытта пада ұйымдастырылған. Бақташыларға ауылдағы үлкен шаруашылық — «Достық Жер» ЖШС тарапынан мініс ат беріліп, айлық жалақысы да төленіп отыр. Соның арқасында 2020 жылдан бері елде мал ұрлығы тіркелмеді, — дейді Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылының әкімі Нұрлыбек Сайымов.

Полиция қызметкерлерінің де айтары осы. Әр ауыл не аудан орталығындағы жиындарда малдың қараусыз кетуі ұрылардың оң жамбасына келетіні жасырын емес қой.

— Тұрғындармен әр кездесуде осы ұсыныстарды қайта-қайта айтамыз. Біріншіден, малдың қараусыз жайылуына жол бермеу. Иелері бақташы жалдап немесе кезекпен бақса дейміз. Мүмкін болса, тұрғындар бақташымен келісім-шарт жасасқаны дұрыс, сонда осы құжат арқылы ол да жоғалған мал үшін жауапкершілікті сезінетін болады. Екіншіден, малды құжаттандыру дұрыс. Себебі, паспорттау, сырғалау-танбалау және GPS құрылғыларын орнату іздестіру жұмыстарын жеңілдетеді. Үшіншіден, мал жоғалса, ертерек полицияға хабар беру керек. Хабар кеш тисе, іздеу жұмыстарына қиындық тудырады. Мысалы, ұрланған малдың тұртүсі туралы айтылғанмен, ол кезде ұрылар ізін суытып үлгіреді, яғни, күдіктілер артындағы айғақтарын жойып кетеді. Ескертіп өтейін, ұрлық жасаған адамға қылмыстың істелуіне қарай 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады, — дейді Қызылорда ОПД криминалды полиция басқармасы бастығының аға жедел уәкілі.

Ұрлыққа қатысты қылмыс ашылмай, көпшіліктің полицияға деген сенімсіздігін арттыратын осындай жайт жиі орын алып келеді. Десек те, әр өңірдегі елді мекендерде өз жұмысының жауапкершілігін сезініп, тұрғындармен бірлесіп жұмыс істеп жүрген учаскелік полиция қызметкерлері жетерлік.

— Бұл жалғыз полицияның жұмысы емес, — дейді Жанақорғандағы Қыраш ауылының әкімі Бақытжан Әжібеков. — Осындай қиындыққа тұрғындардың өзі де қарсы тұрып, амалын жасау керек. Мысалы, біздің Қырашта екі жылдан бері ұрлық тіркелмеді. Неге? Өйткені, Қыраш ауылы бойынша үш бағытта кезек ұйымдастырылған. Соның арқасында мұндай жаманат бола қоймады. Сондай-ақ малды құжаттандыру, сырғалау сияқты жұмыстар аса жауапкершілікпен атқарылып жатыр. Жалпы ұрланған малдың көбі бағусыз жүргендер. Қазір ешкім қорадан мал ұрламайды. Ұрылар сырттағы малды көздемейді...

Айтпақшы, өңірде «Мал ұрысы» жедел профилактикалық іс-шарасы тұрақты өтіп келеді. Қала мен әр ауданда мал соятын, ет сататын орындарда тексеріліп отыр. Базарға кеткен, келген малдың құжаттары ветеринарлармен бірлесіп отырып қатаң бақылауға алынады. Ұрлық тіркеліп, күдіктілер анықталса, дереу сотқа жолданады.

### АЛДЫҒЫ САПТА ҚАЙ АУДАН?

Жаксы істердің көрсеткішін айтып жүрміз ғой. Ал мұнда ұрлығы тиылмай тұрған қай аудан деген сұраққа жауап іздедік. Әрине, бұл сауалға Ербол Рүстембеков былай деп жауап берген еді.

— Ұрлық әрекеттері де, оған байланысты қылмыстың ашылуы да өткен жылмен салыстырғанда жақсарды. Өйткені, полиция қызметкерлерінен бөлек, облыс тұрғындары да қоралағы малына жауапкершілікті күшейткен. Әрине, мұның бәрі түсіндірме жұмыстардың арқасы деп білеміз. Қазір аудандарда да көрсеткіш төмендеді. Сонда да айтып өтейін, бізде ең көп мал ұрлығы тіркелетін аудан — Сырдария. Бірақ болған қылмыстың ашылу көрсеткіші де мұнда жақсы орындалып отыр, — дейді ол. Қызық екен...

Расымен, жыл басынан бері осы ауданда 18 мал ұрлығы тіркеліпті. Оның 16-сы дер кезінде ашылған. Ұйымдасқан үш қылмыстық топ құрықталып, 9 адам қамауға алынған, 1 тұрғын қолхатпен босатылыпты. Сондай-ақ ұрлықтың алдын алу үшін 14 елді мекенде пада ұйымдастырылған.

Қараусыз мал демекші, қазір кейбір өңірде иелері қорадан шыққан малына жауапсыздықпен қарайтын болса, ол түлікті қамайтын орын да дайындалған. Мысалы, Қазалы ауданының орталығында осындай екі қамау орны бар. Бірі Қ.Пірімов көшесі бойында орналасқан «Сәт» қамау орны болса, екіншісі Т.Бөріқұлаков көшесіндегі «Баубек» қамау орны. Орталықта бей-берекет жүрген мал осында қамалып, иелері айыппұл арқалап жатады. Жыл басынан бері осындай дерекпен 33 жағдай тіркелген.

Мамандардың айтуынша, қоғамнан осындай жағдаймен сотты болғандар қайтадан сол «кәсібіне» оралып жатады. Мал ұрлағанның көбісі бұрын сотты болып келгендер. Расымен, жұмыс істеп, нәпақа табама, адалынан күн көрем деген жазасын өтеп келушіден көп мекеме сырт айналады. Осы жағымсыздықтан соң ол да амалсыз сұғанақтыққа барады не тура жолдан тайып, солақай жүріске көшеді. Біз мұнымен ұрғыны ақтап алғалы отырғанымыз жоқ. Мән-жайдың арты сіз бен бізге түсінікті шығар, бұл — қапас бөлменің «кезекті қонағы» болу деген сөз. Осындай «түсінбестікпен» өз ортасынан орын таппай, үйренген «орманына» қайта оралып жүргендер аз емес.

## БАСТЫ ҰСТАНЫМ — АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында: «XXI ғасыр баған сайын күрделеніп бара жатқан бүгінгі заманғы мемлекетті бас-қаруға жоғары талаптар қояды» деген болатын. Осылайша ең әуелі рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту керектігіне тоқталды. Электронды үкіметті дамыту, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру жөнінде қадау-қадау тапсырма жүктелді. Олардың орындалуы — басты назарда. Бұл сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдардың азаюына негіз болады деп есептеймін.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдар қызметіне сенімін көтеру маңызды. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы — мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші. Ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсетуде облыстық бақылау жөніндегі басқармасының басты ұстанымы — ашықтық, қолжетімділік және сапа.

Азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін мемлекеттік қызметтер толығымен электронды форматқа көшкен. Өтініш қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру электрондық үкіметтің веб-порталы: www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

Басқарма 5 түрлі мемлекеттік қызметті «Е-Лицензиялау» МДК ақпараттық жүйесімен көрсетеді. Олар — «Іздестіру қызметіне лицензия беру»; «Жобалау қызметіне лицензия беру»; «Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру»; «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инженерингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау»; «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу».

Бұған қоса, мемлекеттік қызметті алушы жеке және заңды тұлғалар құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау қызметіне бірінші және екінші санаттағы лицензияны алу үшін бірыңғай біліктілік талаптарына сәйкес іске асырған құрылыс объектілерінің құжаттарын ұсынады.

Осыған орай, іске асырылған құрылыс объектілерінің техникалық және (немесе) технологиялық жағынан қандай объектіге жататынын «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық экономика министрінің №165 бұйрығына сәйкес анықталады.

Мемлекеттік қызметтерді алу және көрсету тәртібі туралы ақпарат Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайтында орналастырылған: www.gov.kz.

И. ТҰРАСЫЛОВА,  
облыстық бақылау жөніндегі  
басқармасының бөлім басшысы

## ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕҢІ МЕН ТӘРТІБІ

Жұмыскерге жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы тараптардың (жұмыс беруші мен жұмыскердің) келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі.

Жұмыс жылы — бұл жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы берілетін кезең, күнтізбелік жыл емес, жұмыс жылы ретінде жұмыскердің ұйымдағы бірінші күнінен бастап есептеледі және он екі айды құрайды.

Жалпы қағида бойынша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы ҚР еңбек заңнамасында көзделген ұзақтықтын шегінде, бір мезгілде толық беріледі. Еңбек шарты тараптарына жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын бөліп беру мүмкіндігі көзделген. Бөліп беруге бастамашы жұмыскер және жұмыс беруші де болуы мүмкін.

Демалысты бөліктерге бөлген кезде шектеулер белгіленген: демалыстың бір бөлігі кемінде күнтізбелік екі апта болуға тиіс.

Күнтізбелік апта дүйсенбіден жексенбіге дейін есептеледі (7 күн). Егер еңбек демалысы күнтізбелік 14 күн деп жоспарланса, онда еңбек демалысы кезеңіне демалыс күндері де кіреді, өйткені күнтізбелік деп жұмыс күні мен демалыс күні де есептеледі.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына ақы төлеу жұмыс берушінің міндеті.

Ол басталғанға дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ал еңбек демалысы демалыстар кестесінен тыс берілген жағдайда, ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Жалпы, жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын берудің кезектілігі жыл сайын жұмыс беруші жұмыскерлер пікірін ескере отырып бекітетін демалыстар кестесіне сәйкес айқындалады не тараптардың келісімі бойынша демалыстар кестесінен тыс белгіленеді.

Демалыс беру, ауыстыру не жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын кері шақыртып алу жұмыс берушінің актісімен рәсімделеді.

Облыстық бақылау  
жөніндегі басқармасы



## СЫР-СҰХБАТ

Сөйлегені саз, «әу» дегені әуен болып құйылып түсетін өнерлілер Сыр елінде жетерлік. Солардың бірегейі Үкітай Ерниязов – студент кезінде жазған бір ғана туындысымен-ақ көптеген тыңдарманның жүрегіне жол тапқан жан. Қазақ эстрада жұлдыздарының бір-қатарының репертуарынан оның лирикалық шығармаларын табуға болады. Жақында сазгер, әнші Үкітай Ерниязовпен сұхбаттасудың сәті түсті. Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылында туып, музыкаға құмар болып өскен талант бүгінде өзінің туған өлкесінде еңбек етіп жүр. Жұрт оның әндерін сүйіп тыңдағанымен өзі жайында аз біледі. Сондықтан жерлесімізбен жақынырақ таныса түскенді жөн санап, сыр-сұхбат алаңында емен-жарқын әңгіме құрған болатынбыз.



Үкітай ЕРНИЯЗОВ:

## “ШЫНАЙЫЛЫҚ ТЫҢ ШЫРЫНЫ ТАМЫП ТҰРҒАН ТУЫНДЫ ҒАНА ТӘТТІ БОЛАДЫ”

– **Көпшілік өзіңді ұстаз, әнші, композитор әрі күйші ретінде танытады. Ал сіз өзіңді кім деп таныстыра бердіңіз?**

– Өзім жан-жақты болғанды жақсы көремін. Барлық өнерді шама келгенше қамтығым келеді. Бірақ, жоғарыда айтқандардың ешбіріне қосылмаймын. «Ұстаз» дейтіндей еңбек етіп, терімді төгіп шәкірт дайындаған жоқпын. Ол жағынан жетістігім аз. Ұстаз болу оңай емес. «Өзімді ұстазбын, ұстаздыққа дайынмын» деп әлі айта алмаймын.

Ал әншілікке келер болсақ, нағашылар жағымда да, өз жағымда да кез келген аспапты тарта білетін жандар бар. Ананың сүтімен, өкенің қанымен келген дүние шығар. «Әйткенмен, асқан бір әншімін, сосын сазгермін» деп те айту қиын. Өйткені, әлемді мойындатқан үлкен композиторлардың өзі «Композитор емеспіз. Халық композитор. Біз тек соны құраушымыз» дейді. Бір-екілі ән жазып, «сазгермін» деп айтқан жарамайды. Оның салмағы өте ауыр. Кішкентаймыздар терме жазып, өлеңнің, ұйақтың не екенін біліп өстік. Содан ба, ойға келген дүниені жеткізіп, ән жазатынымыз бар.

Бұдан бөлек, күйшілік деген де – өте салмақты өнер. Өзімді «күйшімін» деп те есептеймін. Бір-екі шығарған күйім бар. Сондықтан ба, өзімді «домбырашымын» деп айтуға болатын шығар. Арнайы оқыған салам осы – домбыра маманы. Төрт жыл Қызылордадағы Қазанғап атындағы музыкалық колледжде оқылдым. Одан жалғастырып, Астанада Қазақ Ұлттық өнер университетін бітірдім. Мені күйші дегеннен гөрі домбырашы деген дұрысырақ.

– **Иә, сол домбыраны алғаш қалай үйренгеніңіз есіңізде ме? Жалпы өнерде кімдерді ұстаз тұтасыз?**

– Кішкентайымнан, есімді білгелі домбыра ұстап өстім. Туған әпкем жырышы, жырау, ақын Айдос Рахметовтің келіншегі. Менің әпкем Айнұр Ерниязова алғашқы ұстазым деп білемін. Жалпы өнерде Қазанғап атындағы музыкалық колледжде күй саласынан сабақ берген Төлепберген Токжанов деген ұстазым болды. Сосын Қазақ Ұлттық өнер университетінде күйші, профессор Орынбай Дүйсен деген үлкен ұстазымды ауыз толтырып айта аламын.

Ал Айнұр әпкем Қорқыт ата университетін жыр мамандығы бойынша бітірген. Жалпы, жыр-термені арнайылап оқысам да, бала күніменнен үйренетінмін. Айнұр демалысқа келген сайын маған ұнтаспалар алып келіп, «жыр-термені жатта» деп айтатын.

Өзі ауылға келгенде де үйрететін. Сол ұнтаспалардан Айбек Тәңірбергенов ағамызды көп тыңдалым. Жаттап өстім. Сол үшін де Айбек Тәңірбергеновті жыр саласындағы ұстазым деп есептеймін.

– **Тыңдарманға композитор ретінде танымал еткен өңіңіз туралы айтсаңыз... Кейде туындылар белгілі бір оқиғаға байланысты жазылатын мезеттер кезіге ме? Өзіңізге ұнайтын әндеріңіз қайсы?**

– Ең бірінші «Сен сүйген ару» деген әнім тыңдармандар арасында жақсы таралды. Ақтөбелік бауырым Данияр Сағынтаев деген әнші жақсы таратты. Соның орындауы өнердегі біраз азаматтарға ұнады. Мақсат Базарбаев ағамыз да осы әнді ұнатып сұраған болатын. Екінші мәрте осы Мақсат ағамыз орындап шықты. Бейнебаян түсіріп, халыққа кенінен таратқан сол кісі.

Тыңдарманның «Үкітай сазгер» деп айтуына ықпал еткен «Найзағай көңіл» деген ән ғой. Сөзін Әлфараби Бекарысұлы жазған. Бұл ән де Төреғали Төрөлінің орындауында жақсы таралды.

Бір оқиғаға байланысты ән жазылатын мезеттер менде көп кездесе бермейді. Өзімнің басымнан өткен оқиға болсын, жалпы басқаның өмірі өлеңге өріліп түссе, соны ән қылып жазып шығамын. Кейбір оқиғаларды ақындарға түсіндіріп айтып, жаздыратын кездерім де болады. Бірақ арнайылап «мына оқиға не анау» деп, жоқтан бар құрап жаза бермеймін. Сосын өлеңнің бәріне ән жаза бермейді екенмін. Өзі әнге сұранып тұратын өлеңдер болады. Өзімді кинап музыка шығарған емеспін.

«Сен сүйген ару», «Найзағай көңіл» деген әндерімді ел ұнатып жатады. Бірақ, өзіме ұнаған емес. Мен үшін барлық әндерім жобалас секілді. Аса бір қатты өзіме ұнайтын әнді жазбаған сияқты болып жүремін. Әйткенмен, араға уақыт салып тыңдасам жақсы бір дүние шыққан секілді сезіледі де қояды. Артынша қызығы басылады дегендей ғой. Өзім «Мынау әнді керемет шығарыппын» деп танырқаған кездерім болған жоқ. Бүгінде Нұрболат Абдуллиннің «Сүйемін», «Жарық тұн», «Кейде бір ағалар болады». «Рақмет әке» әндерін, Кеңес Әлімжанның «Кімсіз?», «Күз келген жок», «Саусағың жүзіңсіз», «Бозторғай ана» әндерін жаздым. Оған қоса, халық жиі сұрайтын ән «Сәби көңіл».

– **«Өнерде жүргендер мен «жүрмін» деп жүргендер...» деген сөзіңіз қазір хит! Бұлай деуіңізге не түрткі болды?**

– Төлепберген Токжанов ағамыз 50 жасқа келгенін тойлап,

әуелі Қызылордада үлкен концерт өткізді. Сол кезде өнер көрсеттім. Ағайыма ән арнадым. Сонынан «Сен сүйген ару» деген әнімді де орындап бердім. Сол мезеттегі ағайды құттықтау сөзім, тағы-тағы сахнаға айтып шыққан тілектерім бар еді.

Артынша Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында елу жылдық концерттің жалғасы болды. Сол өнер қарашанырағының сахнасында «Өнерде жүргендер мен «жүрмін» деп жүргендер» деп айтып калған едім. Ағайыма айтатын тілектердің бәрі ұмытылып кетті де, сахнаға шыққанда осы сөз ойыма оралып, айтып салдым.

Өйткені, бір булығып жүрген кездер еді. Сол жоғары оқу орнын бітіріп, отбасылы болдым, бір-жар жұмыстар істеп көрдім, сонда «шын өнер бағаланбайды ғой» деген сияқты ой келді. Халтуриштер көп халықтың арасында жүріп бағаланып, оқыған-тоқығандар көлеңкеде қалып қойып жүрген кездер көп болды. Не үшін сегіз жылды сарп етіп, күй саласында оқыдым деген сияқты ой туды.

Бір жағынан, өзімде жұлдыз ауруы секілді дүниелер болды сол кезде. «Менен асқан терме айтатын адам жоқ. Екі оқуды бітірдім. Күйді, домбыраны менен асырып ешкім орындай алмайды. Мен ән жазамын, терме айта аламын» деген сынайлы ойлар басымда жүрді. Сол кезде ішімде булығып, ашуланып, ешкімге айта алмай жүрген дүниелер осы сөзге сыйып кеткендей. Иә, бұл сондай уақыттарда ауыздан шығып кеткен әңгіме ғой.

Былай қарасан рас сияқты. Шынымен «өнерде жүргендер мен «жүрмін» деп жүргендер көп қой. Біреуге «Не істеп жүрсің?» десен, «Әй, өнерде жүрміз ғой» дейді. Бірақ, не істеп жүргенім өзі де білмейді. Соған айтқаным еді бұл сөз.

– **Сіздің әндеріңізді қазақ эстрадасындағы ең танымал деген әншілер орындайды. Әңгіңізді ұсынарда әншінің танымалдығына баса назар аударасыз ба? Сонымен қатар, әншінің бағын ашқан әндеріңізді қаншаға бағалайсыз?**

– Эстрада жұлдыздарын мен тандамаймын. Барынша ән кімнің дауысына келіп тұр соған қараймын. Сосын сұрағандарына байланысты. Мен әндерді танымал әншілерге де, танымалдарға да беріп жүрмін. Бірақ, өкінішке қарай, танымал әншілер көп шығара бермейді. Иә, шығарса да халыққа танылмай қалады. Ал танымал әншілер орындаған әндер өзі жарқ ете қалған соң

көбі екіұдай ойда қалатындары бар. «Үкітай осы тек мықты, ел танитын әншілерге ғана ән береді» деген сияқты әңгімелер жүреді. Негізі олай емес. Топтастарыма да, Қызылорда, Алматы, Астана әншілерінің көбіне әндерді беріп жүрмін. Әншінің танымалдығына баса назар аудармаймын.

Мен баға туралы да аса қатты айтпай-ақ қояйын. Менің бағам тегіннен басталады. Өздерінің елеп бергендерін аламын. Кейбір «Мынау әнді қаншаға сатасың? Осы әндің алайын деп едім» дегендерге өзімнің айтатын бағам бар. Барынша ақынның қаламақысын да алып беретін кездерім болады. Бірақ өнер адамын сыйлап, тегін ұсынып жіберген әндерім де жетерлік.

– **Бізді қызықтырған сұрақ, арман құған ауыл баласы Елордадан Сыр еліне не үшін оралды?**

– Қызылордада колледжі бітіргеннен кейін Астанаға оқу жалғастыруға кеттім. 2009-2013 жыл аралығында академияны бітірдім. Содан кейін отбасылық өмір басталды. Сол жақта қалғым келгенін жасырмаймын. Оқу бітіргеннен кейін бас қалада бес жыл жүрдім. Оқуды қосқанда тоғыз жыл болады екен.

Елге оралған себебім, ата-анам, бауырларым бәрі осы Сыр елінде. «Жырақта жүрсің, елге кел, кері қарай қайт, бауырларыңның ортасында бол» деген секілді әңгімелер айтылды. Бір жағы «Елге келіп, қызмет жасамайсың ба?» деген секілді ұсыныстар болды. Мұның бәрі сылтау емес. Өзім де біраз жыл екіұдай ойда жүргенмін. Себебі кішкентайларым да өсіп келе жатты. Сондықтан бір жерде тұрақтау керек қой. Ал Астанада үйім жоқ. Жалдамалы тұрғын үй жағалап жүрдік. Тапқан табысым сол пәтер мен бала-шағаның асынан артылмағаннан кейін елге қайттым. Егер басымда баспанам болғанда ол жақтан қайтпайтын едім.

Бірақ, елге келгелі де жаман емес. Шүкір, құшағын ашып қарсы алды. Өзім бітірген колледжде жыр-термеден, Назарбаев зияткерлік мектебінде домбыра үйірмесінен сабақ беремін. Жұмыссыз емеспін. Су жана пәтер болмаса да, үйлі болдым. Әйтеуір отбасымды тұрақты жерге орналастырдым.

– **Бойыңызда өзіңізге ұнамайтын қасиет бар ма?**

– Өзіме ұнамайтын қасиет бұрын көп болған. Өйткені бала кезден өте ұяң едім. Арал ауданы Жаңақұрылыс деген кішкентай ауылда дүниеге келдім. Көпбалалы отбасында. Үш ұл, үш қыз тәрбиелендік.

Сол бала кезден қалған ұяңдықтан көп сөйлемейтінмін. Айтатын ойымды біреуге жеткізіп айта алмайтынмын. «Дастархандағы нанды сұрап жейтіні несі, осы бала?» деп анам айтатын. Адамдардың көп сөйлей беретінін де жақтырмайтынмын. Мен үшін біреумен танысып, араласып, құраласып кету өте қиын болды. Кейіннен оқу оқып, қала мен даланы көргеннен кейін кішкене ашылып, ойымызды айта алатын болдық. Өзіме ұнамайтын қасиетім сол-тұғын.

Екінші, мінезім ауырлау. Жалпы, сыртқа қалай көрінетінімді білмеймін. Өзімнің мінезімді өзім түсінбеймін. Кекшіл деп айтуға келмейтін шығар, бірақ дықшылмын. Іште көп сақтап қаламын. Қателік жасаған, өзіме қауіп жасағандарды аяғым келмейді. Сол мінезімнің ауырлығы өзіме ұнамайтын қасиет шығар деп ойлаймын.

– **Шығармашылық тоқырауға түскен кезіңіз болды ма? Сондай сәтте қалай төтен бересіз?**

– Мұндай мезеттер кезікті. Бір жылдары бұрқыратып жазып жүргеннен кейін тоқырау болды. Кәдімгідей, жарты жыл бойы ештеңе жаза алмай, булығып жүрдім. Түк әсер етпейді. Бұрын таңғалатын дүниелердің бәрі жай әшейін сияқты. Табиғат та, адамдардың мейірімі де, басқасы да шабыт сыйламай қоятын кездер кезігеді. Ондай шақта тек күтемін. Уақытты күтіп, өткізіп жіберемін. Басқаша қиындау секілді. Ешкімді жақсы көрмей, ұнатпай қалатын кезде өлең де, ән де тоқтайды.

Дәл сондай уақыттарда адамдармен араласа беру керек. Сол бір адамның септігі тиіп қайтадан қалыпқа келесін. Елге келген кезде де сондай екі-үш ай тоқырауда жүрген кезім болған. Ондай кезде өзімді өте ауыр сезініп кетемін.

– **Өмірден не ұттыңыз, неден ұтылады?**

– Мына сұрағыңыз қиындау екен! (күліп). Маған уақыттан ұтылып келе жатқандай сезіледі. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді. Келешекте ізіннен ерген қараң болса, ол өмірден ұтылмағанын деп ойлаймын. Сонымен қатар, күйшілік, жыршылық, ақындық болсын, бабадан қалған бағалы өнерді кейінгі ұрпаққа аманаттау – үлкен миссия. Оған қоса, мынау дүниеге бір кірпіш болып қалсам, нұр үстіне нұр емес пе? «Шүкір» дейміз ғой, бірақ, өзім уақыттан да, басқадан да ұтылып келе жатқандаймын...

– **Жас сазгерлер негізінде ұстағаны жөн? Шәкірт тәрбиелеуде қандай дүниелерге басымдық бересіз?**

– «Мен сазгермін» деген секілді жұлдыз ауруымен ауырмауды қаперде ұстау қажет. Ол былай тұрсын, ізденіс көп болуы керек. Ән дегеніміз ол – өмір. Сол өмірді жазу керек секілді. Шынайылықтың шырыны тамып тұрған туынды ғана тәтті болады. Музыкалық сауаты болса, оқып, жан-жақты өзін дамытуды да естен шығармаған жөн.

Қазір өннен өр, мәтіннен мән кетіп тұрған заман болды. Көп әндердің сөзінің татымы жоқ. Кейбір әндер ку даңғаса мен шу. Ми ашиды. Ал қазақ әнді демалу үшін, құлақ құрышын қандыру үшін тындайды. Қазір іші шала орысша, былапыт сөзге толы әндерді естіп жүрек ауырады. Қазақ ескі, есті әндерін жоғалтып алмаса деп армандаймын.

Өзімше «қатаң ұстаз боламын» деп ойлайтынмын. Жұмысқа келгенде мен ондай бола алмай жатырмын. Шәкірттерімнің жан-жақты болғанын қалаймын. Тек күй тартып ғана қоймай, ән айтып, жырды меңгеріп, өлеңнің құрылысын біліп жүре деймін. Дауысы мен домбыраның үндестігіне, үйлесіміне де баса назар аударамын. «Әркім мінезіне тартады» деп айтатын. Өз болмысың, шынайы қалпың сақтаса деп талап қоямын.

– **«Сыр бойы» газетінің оқырмандарына өзіңізден жылы лебіз.**

– Бар жақсылықты, шығармашылық шабыт тілеймін. «Сыр бойының» шығармашылық ұжымына, қызметтеріңіз жана берсін, басылымның ғұмыры ұзақ болсын деймін. Істеріңізге сәттілік, жұмыстарыңыздың берекесін берсін!

– **Сыр-сұхбатыңызға рақмет!**

Әңгімелескен  
Айдар САЙЛАУОВ,  
«Сыр бойы»





## ТАҒЫМ



Кенес өкіметі кезіндегі партиялық тәлім мен тәуелсіздік тұсындағы ата-баба рухына бас иіп, олардың өнегесін ұрпақ тәрбиесіне жарату ісін санадан өткерген Олжабай Сапарбаев есімі Сыр елі тарихында калған тұғырлы, тұлғалы азаматтар сапында нық тұр.

Олжекенді білетін зиялы қауым, аймағымыздың басқа да жұртшылығы ол кісінің ақиқатшыл, әділ болмысының өзгенде бір саты биік тұратынын мойындап, әңгіме арасында жиі айтатын.

Кешегі өткен кенес дәуірінде коммунистік идеологияның моральдық кодекс деген қағидаты болатын. Адамгершілікке негізделген осы ұстаным Олжекеннің бойында бұзылмай сақталды. Жалпы, ағамыздың адами қасиеттері қоғам қалыптастырған тәлім емес, қазақы тәрбиемен келген құндылық екені анық.

Олжабай ағамыз өмірге келген 1937 жыл дүние дүрбеленге түсіп тұрған қиын кезең екен. Сол жылдары Олжекеннің әкесі Сәдуақастың ағасы Сапарбай қайтыс болып, әменгерлік жолмен жетпесі Құлжанға үйленген. Сәдуақас әке мен Құлжан анандан Олжекен туған. Ағамыздың тағдырында сол кезеңдегі қазақ өмірі, қиын заман бейнесі бар. Өзі осы әңгімені айтып отырушы еді.

Ағамыздың айтқан өмір өткелдерін, басқа да әңгімелерін құмарта тындайтынбыз. Жазып алып қағаздан оқып отырғандай шебер сөйлейтін, тауып айтқан тұжырымына, парасатты ой-пікіріне дән риза болып, келесі кездесуді ансайтынбыз.

Кешегіні көзбен көріп көңілден өткізу бүгінгі біздер үшін әрине онай емес, оның астарында сағыныш деген ауырлау салмақ жатыр. Байдың отыз күн ойын-тойына татитын бір күнгі қызығымыз қандай еді. Сол ағаларымызбен қызметтес, канаттас жүрген жылдарымыз естен кетпес бір дәуір. Өмірден өткен сондай асыл жандарды жадымызда тіріттіп, олардың рухына тағзым ету – басты парызымыз.

Енді азды-көпті білгенімше Олжабай ағамыздың өмір жолына қысқаша тоқталсам, ағаттық кетіп жатса кешірім болар деген

Туған жерінің әлеуметтік-экономикалық түлеуіне көп жылғы еңбегімен мол үлес қосқан ҚР Білім саласының үздігі, ішкі істер саласының ардагері, доғарыстағы полковник, Жаңақорған, Шиелі аудандарының құрметті азаматы Олжабай Сапарбаев ағамыз туралы сөз айту біз үшін бір фанибет. Ол кісінің ізін басып, ізгілігін көрген жұртшылық тек осылай десе керек, ол – өмір заңдылығы.

## Шуақ, нұрын төгеді ол рухымен

үміттемін. Ағамыз мектеп бітірген соң туған аулы «Екпінді» колхозында кітапхана менгеруші, бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс істеген. Жаңа ғана мектеп қабырғасынан шыққан баланың болашағынан зор үміт күткен басшылар оған осындай жауапкершілік жүктеген.

1958 жылы Қызылорда педагогика институтына «Қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түскен. Институтта Әбдіжәлел Бәкір, Амангелді Қошқаров, Әкімбай Әубәкіров, Жұмақұл Құдиярова секілді кейін қайраткерлерге айналған Сыр елінің игі жақсыларымен бірге оқыған.

1963 жылы оқуын бітіріп, Жанақорған ауданындағы «Төменарық» орта мектебінде мұғалім болады. Бір жылдан соң білімді, еңбекке төселген, ортасында беделі, ықпалы зор жас Олжекенді Шиелі ауданының Білім қоғамы қызметке шақырады. Ал 1966-1977 жылдары Жанақорған, Шиелі аудандық партия комитеттерінде бірінші хатшының көмекшісі, нұсқаушы, бөлім менгерушісі болады. Мұнан әрі Алматы Жоғары партия мектебінде оқып, 1979-1983 жылдары облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарады.

Кенес Одағы коммунистік партиясының Бас хатшысы Л.Брежнев қайтыс болған соң оның орнына бұрын одақтың қауіпсіздік комитетінің басқарған Андроповтің елі, партия саясаты мен ішкі істер жұмысына жаңаша леп беріп, саяси органдар құрды. Осы кезде обкомда қызмет етіп жүрген Олжекен облыстық ішкі істер басқармасы саяси бөлімінің бастығы болып бекіді. Бұл қызметте абыройлы бола білді. Олжекен ағамыздың зеректігі мен зерделілігінің арқасы болар, сол кездегі білікті де

азулы ішкі істер басқармасының басшысы, марқұм Асхат Бүркітбаев деген ағамыз Олжекенмен санасып, ұсыныс пікірлерін қабылдайтын. Әсіресе қадр мәселелері қаралғанда Олжекен ағамыз әділдікті ту етіп, талай табандылық танытып, көптеген сол саладағы жастарға пана да, қамқор да бола білген. Кейін ішкі істер басқарма басшысы болған Есен Демесінов ағамызбен бірге қызметтес болды. Екеуі ерекше сыйласты, ел абыройын көтерді.

Ағамыз 1991-1997 жылдары облыстық атқару комитеті құқық қорғау бөлімінің бас маманы, кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығының орынбасары болып қызметтер атқарды.

Кейін облыстық білім басқармасына қосылып кеткен бұрынғы облыстық кәсіптік-техникалық білім беру саласына әсіресе 1993-1994 жылдары мән берілмей, әбден жүдегенін көпшілік ұмытпаса керек. Оның үстіне қысқартулар басталған, егер бір оқу орны жабылса, үш жүзге жуық жасөспірімнің болашағы бұлыңғырлана бастайтыны белгілі. Олжекен бұл жайында талмай ізденіп, басшылық жағалап жүріп, КТУ-лардың жағдайын көтерді.

1994 жылы ҚР Білім министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевқа жерлесі ретінде Алматыға барып амандасып танысқаны, кейіннен Бекең 1995 жылы күзде облысқа әкім болып келгенде дәйекті ұсыныстарын айтып, ауыр кезеңде салаға жан бітіріп, барлық кәсіптік-техникалық оқу орындарының өндірген заттарынан көрмелер ұйымдастырды. Қоғамның қолы нарықтың беліне жетпейтін тұста егін егу, мал бағу қосалқы шаруашылықтарын жүргізіп, балаларды еңбекке тәрбиелеудің төте жолын ұстады.

Олжекеннің астын сызып айтатын адами қасиеттерінің бірі жағымпаздыққа, жаба тоқуға жаны қас кісі еді. Ақиқаттың алдында айыл жимайтын.

1985-1988 жылдары облыс басшылығында болған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков өте талапшыл, әділ басшы ретінде есте қалды. Ешкім де ол кісінің сөзін бөліп, қарсы пікір айтпайтын.

Бір күні кезекті бір үлкен жиында Олжекен облыстың бірінші басшысына: «Жолдас бірінші хатшы, партияның екі ұстанымы бар, бірі – талап қою, екіншісі – сенім арту. Сіз талап қоясыз, бірақ сенбейсіз, кадрларға күдікпен қарайсыз», – депті. Еркін Нұржанұлы қарсы уәж айтпай, көп жерде Олжекеннің осы сөзін қаперге алған екен. Олжабай аға туғанына жақпайтын осындай туралығынан тайған емес, әділ адам-

ұқсастықтары шығар, қасында үнемі Сәмит Далдабаев, Жарылқасын Шәріпов, Тұрғанбай Маханов ағаларымыз болатын. Өзара сыйластықтары мол, бір-бірін күн аралатпай іздеп, ас-тойда, басқада іс-шараларда бірге жүріп тұратын. Осы төрт ағамыздың Бердібек Сапарбаев Шығыс Қазақстан облысына әкім болып барғаннан кейін көп ұзатпай Сыр елі жұртшылығы атынан жаңа қызметіне абырой, сәттілік тілеп қайтқаны тәлімді де, тағылымды іс қой. Сол кісілердің берік достығы, бір-біріне деген ерекше сыйластығы – өңірімізде аңыз, күні бүгінге дейін көп адамға үлгі.

Ағамыздың шынайы жақын араласып достасқан, мемлекет және қоғам қайраткерлері К.Саржанов, генерал-майор Баекенов, С.Мүқашев, Ә.Кекілбаев, О.Сәпиев, О.Әбдікәрімов, С.Арыстанбаев, С.Шаухаманов, Н.Уәлиев, тағы басқа көптеген апа-ағаларымызбен сыйластығы мен достығы – өзіңше жеке-дара бір тарих.

2013 жылы ағамыздың 75 жылдық мерейтойына осы кісілердің қатысып, жүрекжарды тілектерін айтқаны жадымызда. Біз сонда ел ағасы болған өз ағамызға інілері атынан бұрынғының ат мінгізетін салтымен жеңіл көлік сыйлаған едік.

Міне, біз білетін Олжабай аға осындай азамат болатын. Әрине, бір еске алу сезіммен ағамыз тұтас болмысын суреттеу қолдан келмес іс.

Елімізге аты белгілі ақын Ибрагим Исаев Олжекен ағасына арнаған бір өлеңінде:

«Азаматсыз ғой, ел сенер, Кеуденіз толы шуақ, нұр. Сіз отырған сол кенелер,

Есігі жүдеп, жылап тұр», – деген екен. Осы бір шумаққа сыйып тұрған қанша сыр бар, мұнда ең біріншіден, Олжекеннің әділдігі, ақеден көңілі айтылады. Сол екі қасиет барда, жақсылық та бола береді.

Мұндай асыл қасиеттер бұрынғы ағаларымыздың болмысынан көбірек байқалады. Ал біз қазақтың ақылды, ел алдына шыға алатын ақсақалында болатын адами биіктікті Олжекен ағамыздың тұлғасынан танығанбыз.

Осындай орны дара адамның өмірінің арты да жақсы. Ағалап, жарқылдап амандасып тұратын ұлдары Ғани мен Жәнбекті көрген сайын, олардың мінез ерекшеліктерінен Олжекен ағамыз тәлімін танитымыз.

Асыл азаматтың қазасы баршылығын қабырғамызға батты. Содан бері он жыл уақыт өтсе де, ағамыздың бейнесі кешегідей көңіл төрінде тұр. Еліне жақын болған ердің есімі қашан да халықпен бірге жасай беретіні анық.

Ардақты ағамыздың кеудесіндегі шуақ, нұр ел-жұртына оның рухы арқылы тарап, ұрпағының өмірін жарықтандырып тұра берері хақ.

**Дайрабай ЫСҚАҚОВ,**  
еңбек ардагері,  
Шиелі ауданының  
Қызылорда қаласының  
Құрметті азаматы

РЕДАКЦИЈАҒА  
ҰЯТ

## Жақсылар жақсымын деп айта алмайды

Адам баласының түр-түсі, іс-әрекеті, мінез-құлқы қаншалықты әртүрлі болса, оның ұстанған, өзі дұрыс деп есептейтін өмірлік қағидалары да соншалықты алшақ болады екен. Өмірде өзіне мүлдем сәйкес келмейтін, жалған атақ-абыройға, жасандылыққа, мақтаншылыққа құмар жандар өте көп. Ондай адамдар бұрын да болған шығар ғой, болған шығар емес, ықылым заманнан солай, бірақ өзіміз өмір кешіп жатқан ортада тым үйреншікті жағдайға айналып кеткендей.

Мен «Құрметті азамат», «Ерен еңбегі үшін» дегенді, көшеге көкесінің есімін бергенді, сосын бейнебір бізге белгісіз жауды жапырып жеңіп келгендей, кеудесіне сансыз сылдырмақты тағып алып жүретін кейбір жандарды, халық қолдау білдіріп өздігінен ұсынып жатпаса да, «мені сайласаң бар қалауыңды орындаймын» деп өзін-өзі жарнамалаудан жалықпайтындырды түсінбеймін. Олардың бәрі бірдей демей-ақ қояйын, басым көпшілігінің өмірдері қалың жұртшылықтың ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Ондаған жылдар бойы ел-халықтың көз алдында ғой. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Жасаған жақсылығын жұртшылық білсе, бағаласа, ол адам құрметті деген атаққа, марапатқа әбден лайық болса, қарапайымдылықты қағида қылып, өмірлік ұстаным етуден жаңылмаса, ондай адамдарды халық қашан да бағалайды. Сөздің шыны керек, атақ-абыройға лайықты жандар да жеткілікті. Бірақ әттен, жақсымын деп айта алмайтындырлардан гөрі, жақсымын деп айқайлайтындырлардың тым көбейіп кеткені

өкінішті-ақ. Тағы да айтайын, атақ-данға әбден лайық адамдарды сен өзінді жарнамалап жар салмасаң да, Құдайдың бір аты – Халық біледі, сені оуреге салмай-ақ тауып алады.

1989 жылдың күзінде, ұлы дағдарыстың дүмпілі енді басталғалы жатқанда жолдас жігіт екеуміз шаруа жайымен Алматы қаласына бардық. Жұмысымызды бітіріп, билет алған поезымыздың келуіне әлі де үш-төрт сағат уақыт қалғасын, сол кезде көпшілікке танымал бола бастаған, қоғамдық орындарда кәсіп жасауға рұқсат етіліп көрсетіле беретін видеофильм тамашалауға аңсарымыз ауды. Екі сағаттық фильмнің бағасы советтік бір сом. Сюжетінің сәл қырғын-қасапқа жақындығы болмаса жалпы мазмұны өзіме ұнады. Жасы келіп науқастанып, хөл үстінде жатқан испан королі Иглесиастың ержеткен екі ұлы бар. Үлкені Филипп – билікқұмар, көрсеқызар, өзімшіл, мақтансүйгіш, аяушылығы жоқ, барлық жаман қасиеттері бір бойына жинақтаған. Кішісі – Родригес оған керісінше, ержүрек, қарапайым, атақ-абыройға құмар емес, күштегі тежеу, әлсізге демеу болып жүреді. Бәрінің

аузында Родригес, Филиппті ешкім айтпайды. Король өмірден өтті, мұрагерлік рәсімі бойынша үлкен ұл таққа мінді де, айналасындағы дәл өзіндей қолдаушылары атақ мінді. Кіші ұл Родригес билікпен басын қатыру ойында да жоқ. Есесіне билік басындағы Филипп күндіз-түні «осы інім түптің түбінде менің орныма қауіп төндіреді-ау, қайтсем мұның көзін жоюмын» деумен күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды.

Ақыры, жалған жаламен кінәлі деп тауып, өлім жазасын беруге халықтың қаһарынан қорқып, үш күннің ішінде аты мен азық-түлігін ғана алып елден шығып кетуге үкім шығарды. Ешқандай амалы қалмаған Родригес үлгеріп қалуға тырысып, барын салып шөл дала арқылы өтетін шекараға жақындағанда алдынан елден аластатылған алапес науқастар кездесе бастады. Олардың соңғы жағында үсті-басы адам көргісіз, екі көзі де алапес ауруының салдарынан іріп, ағып түсіп қалған бір кісі: «Ей жолаушы, Құдай үшін, кім болсаң да бір жұтым су бере аласың ба?» деп, кинала жалбарынды. «Әрине мінекей, қалағаныңша іше ғой» деп, Родригес жалма-жан беліндегі су толтырылған құтысын алып ұсына қойды. Төгіп-шашып ішіп болған алапес: «рақмет саған Родригес» деді құтысын қайтарып жатып. Екі көзі ағып түсіп қалған мүсәпірдің өзінің есімін атағанына таңғалып: «Мені қайдан танысың?» деген Родригеске

алапес: «Бүкіл Испанияда алапеске Родригестен басқа ешкім де өз құтысынан су беруге тәуекел ете алмаған болар еді, Құдай алдында құрметті бол» деп жауап қайтарды.

Бұдан шығатын қорытынды, құрметті болу үшін, атақ-абыройға бөлену үшін азапқа түсіп шапқылаудың, жалған жарнаманың көк тиындық құны жоқ. Атаның қанымен, ананың сүтімен берілген қарапайымдылық қасиетің ғана жеткілікті, бұқара халық өзі-ақ іздеп тауып алады.

Қазалы ауданының Басықара ауылында тұратын, адалдығымен, әділдігімен көпшілікке танылған, жарты ғасырға жуық баспасөз беттерінде мақалалары жарық көріп келе жатқан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің үздігі Мұхтар Сәлмен ағамен кездесіп қалғанда айтып еді. «Әкем жастай соғысқа кетіп, бір жамбасы зақымданып оралған. Елге келгенін онысы ұлғайып, тіпті беті бері қарамайтындай жағдайға жетті. Көрші Құмжиек ауылында тұратын өзімен қатар, ол кезде әлі елге таныла қоймаған, ал кейін жүздеген адамның дертінің дауасын тауып, алғысын алған атақты Қани сынықшымен кездесіп қалып, сол кісінің сылап-сипауымен қатарға қосылыпты. Егер менің әкемді Құдай Қани ағаме кездестірмегенде өмірге мен келер ме едім? Бүгінде тіл-көзім тасқа, жақсы жетістіктерімен ел аузына іліне

бастаған ұл-қыздарым келер ме еді, немерелерім жарық дүниені көрер ме еді? Егер құрметті деген атаққа лайық кім бар десек, ондай атақ Қани ағаме жарасар еді-ау» дегені бар.

Ата-әже, әке-аналарымыз да ашаршылықты, соғысты, небір зұлматты көрді, қайсыбірін айтып тауысарсын. Олардың еңбегінің шет жағасын көзіміз де көрді, өздері де айтып отыратын. Қалың елдің қандай қиындықтардан жол тауып шығуына хал-қадірліне үлестерін қосты. Құрметті атану, еткен еңбегін емексітіп, өтеуінің қайтарымын демеуі оларға кіріп-шықпай өмірден өтті.

Ал қазір ше? Құрметтілерге, ерен еңбегін бұлдап есікті теуіп кіретіндерге, креслоны шыр айналдырып отырып-ақ кеудесін белгілі-белгісіз жылтырақтарға толтыратындарға сүрінгіп жығыласын.

Адамгершіліктің, қарапайымдылықтың үлгісі болуға лайық, ақырын жүріп анық басқан, нағыз құрметке лайық адамдар бұрын да болған, бүгінгі күні де бар. Тек олар көзге түсетуе тырыспайды, жасаған жақсылығын да міндет қылмайды. Ел алдында менің сіңірген еңбегімнің бағасы беріндер деп есептеспейді, жақсымын деп айтуға арланады.

**Әлімжан ҚИЯС,**  
Қазалы ауданы,  
Әйтеке би кенті







Ұлытау облысындағы XXXI дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалі аясында өткен Ш.Ділдебаевтың шығармашылығын насихаттауға арналған республикалық жыршы-термешілер конкурсында Сыр бойы дәстүрлі өнерінің саңлақ жыршысы Күнсұлу Түрікпен бас жүлде иеленді.

## ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ЖҮЛДЕ

Дәстүрлі өнер иесі Күнсұлу Түрікпен жастайынан жыршы-жыраулардың ізін жалғап, халықаралық, республикалық долаларда топ жарып келеді. Халықаралық деңгейде ұлттық өнерді насихаттайтын «Мен қазақпын» мегажобасының жеңімпазы атанды. «Халық шығармашылығы» номинациясы бойынша «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.

— Бұл марапатқа атаанамның, ұстаздарымның, ақ баталы елдің еңбегі орасан зор! Сыр мәдениетіне тағы бір жеңісті жанылық қосылды.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан осындай қолдаудың нәтижесі түрлі саладағы талантты жастардың талабын өрлетіп, шығармашылығына шабыт берері сөзсіз. Өнер айдынына арманыма қанат бітірген атанам, сонымен қатар, Алмас Алматы, Бидас Рүстембеков, Серік Жаксығұлов, Шолпан Бимбетова бастаған барлық ұстаздарыма алғысым шексіз. Өнерімді ұдайы насихаттап келе жатқан облыстық мәдениет басқармасы және халық шығармашылығын дамыту орталығының еңбегін жоғары бағалаймын. Жеңісті, жемісті күндеріміз көп болсын, — деді жыршы Күнсұлу Түрікпен.

Айта кетейік, жыршының қорында «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Көрұғлы», «Қыз Жібек» сияқты халық жырларымен қатар «Алпамыс батыр», «Зухраб батыр», А.Керейұлының «Өсиет» және Сыр сұлейлерінің жыр-дастандары мен терме-толғаулары бар.

«СБ» ақпарат

## СЫР САХНАГЕРЛЕРІ АЛМАТЫДА

Театрдың әдебиет бөлімінің менгерушісі Ұлболсын Қылышбаеваның айтуынша, бұл — театр тарихындағы Алматы қаласына ұйымдастырылып отырған бесінші гастрольдік сапар. Тарихқа көз жүгіртсек, ең алғаш рет 1967 жылы ұжымды гастрольдік сапарға, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Сақтаған Тұрлымұратов пен бас режиссер, Қазақстанның Халық артисі Маман Байсеркенов бастап барған болатын. М.Әуезовтің «Қаракөз», К.Гольдониң «Қонақ үйдің қожасы», Ш.Айтматовтың «Ана — Жер ана», А.Токмағамбетов пен О.Бодықовтың «Арман азабы», В.Вишневскийдің «Оптимистік трагедиясы» сол кездегі астаналық көрермендердің талқысына ұсынылды. Гастроль қорытындысында Ш.Бәкірова Қазақстанның Халық артисі, Ж.Бағысова, Т.Айнақұлов, О.Әбдімомунов Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі деген атақтарға ие болған еді.

Ал 1979 жылы 15-25 тамыз аралығында театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Шайтұрсын Әбдібаев пен бас режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хусейн Әмір-Темір бастап Алматының талғампаз көрермендеріне М.Әуезовтің «Түңгі сарын», И.Эркеннің «Сау басыма сақина», У.Шекспирдің «Король Лир», Қ.Мұхамеджановтың «Өзіме де сол керек», Ә.Тәжібаевтің

1-бет



«Майра», Ш.Құсайыновтың «Біздің Ғани», Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері — Ақтоқты» секілді күрделі дүниелерді апарды. Осы спектакльдерімен театр ұжымы өздерінің жеткен биігін, шығармашылық мүмкіндіктері мен кәсіби сипаттарын анық таныта алды. Бертін келе, яғни 1990 жылы Алматы қаласына гастрольдік сапарды директор Аскар Кіребаев пен бас режиссер, Қазақстанның халық артисі Ергали Оразымбетов ұйымдастырып, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», Ш.Айтматовтың «Жанпида» романы бойынша

қойылған «Ақырзаман», Иран-Ғайыптың «Күшігінен таланған», К.Сүйенішовтің «Сен де жалғыз, мен де жалғыз» спектакльдерін ұсынды.

Театр тарихындағы Алматы көрерменіне есеп берген үшінші гастроль қорытындысымен Серік Шотықов Қазақстанның Халық артисі, Әлия Арысбаева, Бакытбек Алпысбаев, Аскарбек Сейілханов Қазақстанның еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақтарды иеленді.

2006 жылы Алматыға төртінші сапарды театр директоры, Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Бакытбек

Алпысбаев пен Хусейн Әмір-Темір бастап барды. Театр репертуарындағы үздік қойылымдар У.Шекспирдің «Макбет» трагедиясы, Т.Әліпбайдың «Исатайдың барында», А.Сейдімбеков пен Б.Узақовтың «Қош бол, ардағым», Р.Отарбаевтың «Қандыөзек», Б.Майлин мен Ж.Аймауытовтың «Ала-сапыран», Иран-Ғайыптың «Қорқыт», С.Балғабаевтың «Ғашықсыз ғашы» спектакльдері ұсынылды.

— Осы жолы театр Алматы қаласына үш күндік гастрольдік сапармен төрт қойылым алып барды.

Майталман режиссер Хусейн Әмір-Темір және көркемдік жетекші Ақтөре Оразалы бастаған театр ұжымы Иран-Ғайыптың «Мәңгілік елдің алтын адамы», А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу», Ш.Айтматов повесінің желісімен қойылған «Жеміла», А.Кашьяптың «Кім?» спектакльдерін ұсынды. Залда ине шаңшар орын болған жоқ. Халықлық толы. Ел ағалары біздің сахнагерлерге жоғары бағасын берді, — деді театр директоры Мұхтар Ниязов.

Айта кетейік театр ұжымы бұған дейін де халықаралық, республикалық театр фестивалдеріне қатысты. Бірнеше мемлекеттерге гастрольдік сапармен барып, қазақ өнерінің мәртебесін көтеріп, мерейін асқатты. Атап айтқанда Ресей, Қарақалпақстан, Татарстан, Түркия, Әзербайжан, Ұлыбритания, Шотландия, Өзбекстан елдерінде өткен өнер долаларына қатысып, үлкен жетістіктермен оралды.

«БОЗТОРҒАЙ»

## ҮКІЛЕГЕН ҮЗДІКТЕР

Болашақ жұлдыздарды бала күнінен өнерге баулып, кішкентайынан үлкен сахнаға дайындайтын «Бозторғай» халықаралық балалар байқауы халық арасынан талай таланттарды тауып, жас есімдердің жарыққа шығуына жол ашты. Биыл да жылдағы дәстүр бойынша Алматы қаласы өкімдігінің қолдауымен XXV халықаралық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауы ару қала Алматыда өтті.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,  
«Сыр бойы»

Байқаудың мақсаты — талантты өнерпаздардың басын қосып, өнерін насихаттау.

Жиырма бес жылдыққа аяқ басқан «Бозторғай» конкурсына Сыр елінің намысын қорғауға барған 100-ге жуық өнерпаз әлемнің түкпір-түкпірінен келген қатысушыларға талантын мойындатты.

Сайысқа Болгария Тәжікстан Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан республикаларынан 1000-нан аса дарынды жас қатысып, бақ сынады. Байқау ережесіне сәйкес ән, халықтық орындау, аспапта ойнау, хореография жанрлары бойынша өнер көрсетті.

— «Бозторғай» балалар шығармашылығы халықаралық конкурсы жыл сайын дәстүрлі түрде ұйым-

дастырылып келеді. Аталған конкурс Алматы қаласының Орталық демалыс паркіндегі ашық алаңда өтті. Қатысушылар еліміздің барлық аймақтарынан және шет мемлекеттерден келген. Сыр бойының талантты ұлқылары шетелден келіп, төрелік еткен қазылар алқасының алдына шығып, еш мүдірместен өнерін паш етті. Әрине, халықаралық байқау болғандықтан дайындық өте жоғары деңгейде жүргізілді. Өнерпаздарымыз үмітті ақтады, — деді облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы музыка және балалар шығармашылығы бөлімінің менгерушісі Бадагул Есмұрзаева.

Айта кетейік, бұған дейін Сыр



өңірінде «Бозторғай» балалар байқауының облыстық кезеңі сәуір айында ұйымдастырылған болатын. Сайыс нәтижесінде 100-ге жуық өнерпаз іріктеліп, халықаралық байқауға жолдама алды. Конкурстың ерекшелігі — дәстүрлі ән салу мен халықтық орындау жанрларының қарастырылғаны. Бұл — ұлт руханиятының алтын ордасы Сыр бойында қазақ өнерінің қанат жайып, салтанат құруы. Байқаудың бастамашысы — облыстық мәдениет және спорт басқармасы болса, ұйымдастырушы — облыстық халық шығармашылығын дамыту және

мәдени-продюсерлік орталығы. Үш күнге созылған байқау 4 жанр бойынша жас ерекшелігіне қарай үздіктерді анықталды.

Атап айтар болсақ, «Ән» жанры бойынша Хабибулла Қыдыралиев, «Хореография» жанры бойынша «ЕркеНаз» би тобы, «Аспапта ойнау» жанры бойынша Дінмұхаммед Алмасұлы (орта топ), «Ақмешіт» домбырашылар ансамблі (кіші топ) бас жүлдені жеңіп алды. Басқа қатысушылар I, II, III орындарды иеленіп, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сыр бойы» КС» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2023 жылдың 15 маусым күні сағат 15:00-де мына мекенжайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33.

Күн тәртібінде:

1. Кредиттік серіктестіктің Басқарма құрамына өзгерістер енгізу туралы.
  2. Қатысушыларды қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан 20.04.2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, бекіту, кепілмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімсіз сату және акцепсіз шығару құқығына келісім беру туралы.
  3. Серіктестіктің қатысушылар құрамына өзгерту енгізу, үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.
  4. Серіктестіктің 28.03.2023, 24.04.2023, 24.05.2023 жылдары өткізілген Басқарма жиналысы қорытындысымен жаңадан қатысушыларды қабылдау туралы, өзгерістерін Жалпы жиналыста қайта бекіту туралы.
  5. «АНК» АҚ арқылы несиелендіру тәртібі, несие рәсімдеу шарттарына, ішкі ережелеріне, серіктестіктің өзіндік қаражатынан берілетін несие шарты мен ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларын енгізу, бекіту туралы.
  6. Серіктестіктің 2023 жылдың мамыр айынан бастап бюджет пен штат кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту туралы.
  7. Серіктестіктің қатысушыларын, Заң талабына сәйкес серіктестіктің талап етуі бойынша серіктестіктің қатысушылар қатарынан шығару туралы.
- Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сыр бойы» КС» ЖШС әкімшілігі.  
(БИН: 061 140 005 106)

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сырлария-1» КС» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысын 2023 жылдың 15 маусым күні сағат 10:00-де мына мекенжайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33. Күн тәртібінде:

1. Кредиттік серіктестіктің Басқарма құрамына өзгерістер енгізу туралы.
2. Серіктестіктің қатысушылар құрамына өзгерту енгізу, үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.
3. Қатысушыларды қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан 20.04.2046 жылға дейін ашылған несие желісін кепілмен қамтамасыз ету, жарғылық қорының көбеюіне байланысты депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімсіз

сату және акцепсіз шығару құқығына келісім беру туралы.

4. Серіктестіктің 15.03.2023, 24.04.2023, 25.05.2023 жылдары өткізілген Басқарма жиналысы қорытындысымен жаңадан қатысушыларды қабылдау туралы, өзгерістерін жалпы жиналыста қайта бекіту туралы.

5. «АНК» АҚ арқылы несиелендіру тәртібі, несие рәсімдеу шарттарына, ішкі ережелеріне, серіктестіктің өзіндік қаражатынан берілетін несие шарты мен ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларын енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырлария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.  
(БИН: 040 540 001 348)

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Нұртаев Нұрлыбек Амангелдіұлының атына Қызылорда облыстық полиция департаментінен берілген КЗ №16280 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

\*\*\*

Сағатов Ғанибек Серікұлының атына Қызылорда облыстық прокуратурасынан 21.09.2022 жылы берілген №679 қызметтік куәлігі (жарамдылық мерзімі 21.09.2025ж. дейін) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## ТЕМІРЖОЛ ТАРЛАНЫ ЕДІ



Қазақстан Республикасының құрметті теміржолшысы Қосанов Әкімжан Сағидрахманұлы осыдан бір жыл бұрын өмірден озған еді. Әкімжан Сағидрахманұлы 1959 жылдың 17 желтоқсанында Арал ауданы Сапақ станциясында теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Алматы теміржол инженерлері институтын тәмамдап, еңбек жолын теміржолда монтаж, механик болып бастаған. Жанақазалы белгі беру және байланыс дистанциясы бастығының орынбасары, Алматы теміржол бөлімшесінде бас инженер, 2010 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының (ШЧ-39) бастығы болып абыройлы қызмет атқарды. Білікті басшының арқасында мекемеміз республикалық жарыстарда озаттар қатарынан көрініп, өткен жылы Әкімжан Сағидрахманұлы «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы мекемелері арасында «Үздік басшы» атанды. Теміржол саласында атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, «ҚР Құрметті теміржолшы» төсбелгісін иеленді.

Ақыл-парасатымен, мейірімділігімен, сыйластығы мен қайырымды мол білімді де білікті басшы ретінде өзінен кейінгі жастарды тәрбиеге баулып, ұжымның ықпалы мен алғысына бөленді. Ардақты ағамыз отбасында зайыбы Гүлсіммен мағыналы ғұмыр кешіп, дүниеге бір ұл, бір қыз өкеліп, немере сүйді.

Әкімжан Сағидрахманұлының жарқын бейнесі жүрегімізде ұзақ сақталады.

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының (ШЧ-39) ұжымы